# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№40 (20714)

14 наурыз, бейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz


ПРЕЗИДЕНТ




# ЕКІ ЕЛДІҢ ДОСТЫҒЫН АЙШЫҚТАЙТЫН ОРТАЛЫҚ

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжанға мемлекеттік жұмыс сапарының екінші күнінде Ильхам Әлиевпен бірге Физулиде қазақтың дәулескер күйшісі Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.**

Заманауи инновациялық орталық Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қазақстандықтардың атынан бауырлас әзербайжан халқына гуманитарлық тарту ретінде қысқа мерзім ішінде салынды.

– Бұл – Қазақстан халқының тартуы. Менің жеке тапсырмам бойынша аталған сыйлықты жекеменшік BI Group компаниясы бүкіл халықтың атынан шын жүректен ұсынып отыр. Орталық елдеріміз арасындағы жан-жақты байланыстарды нығайтуға қызмет етеді деп ойлаймын. Сіздерге табыс пен бақ-береке тілеймін. Әзербайжанның осы қасиетті өлкесі қарыштап дами беретініне сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті Физули жұртшылығымен әңгімелесу кезінде.

Өз кезегінде Ильхам Әлиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша Қазақстан халқына алғыс айтты.

2-бет


31 НАУРЫЗ / 2024



ДАУЫС БЕР!

ТҰРАҚТЫЛЫҚ! ДАМУ! ӨРКЕНИЕТ!

№15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына кандидат

МҰСАЕВА ГҮЛШАТ

AMANAT

Қаржысы республикалық бюджет қаражатынан төленді


ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

# СЫР ӨҢІРІ
## МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША КӨШ БАСЫНДА

**Основные показатели в разрезе регионов**
январь-февраль 2024 года к январю-февралю 2023 года

| | Обработка | Сельское хозяйство | Строительство | Ввод жилья | Торговля | Транспорт | Частные инвестиции |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кызылординская обл. | 140,3 | 102,2 | 146,6 | 104,1 | 102,4 | 100,1 | 174,6 |
| Область Абай | 101,4 | 100,7 | 108,3 | 104,2 | 105,0 | 118,3 | 112,0 |
| ЗКО | 117,8 | 103,6 | 122,5 | 102,3 | 101,5 | 119,4 | 136,7 |
| СКО | 107,3 | 103,4 | 121,5 | 116,9 | 103,7 | 129,1 | 112,0 |
| Туркестанская обл. | 111,6 | 102,9 | 100,8 | 108,9 | 107,4 | 104,6 | 216,4 |
| ВКО | 119,9 | 101,6 | 102,8 | 102,6 | 101,7 | 112,4 | 136,1 |
| г. Астана | 109,3 | - | 135,2 | 157,2 | 113,1 | 114,0 | 172,0 |
| Алматинская обл. | 94,8 | 105,4 | 117,5 | 105,0 | 108,0 | 132,6 | 165,0 |
| Костанайская обл. | 105,8 | 97,2 | 109,9 | 102,1 | 104,8 | 104,8 | 127,2 |
| Павлодарская обл. | 108,6 | 103,7 | 137,7 | 69,5 | 103,2 | 113,8 | 128,0 |
| г. Шымкент | 96,7 | - | 102,3 | 112,9 | 110,2 | 131,9 | 116,0 |
| Актюбинская обл. | 124,9 | 98,9 | 115,8 | 73,3 | 120,7 | 113,5 | 100,0 |
| Жамбылская обл. | 83,1 | 102,6 | 145,3 | 107,1 | 98,4 | 123,2 | 114,1 |
| Область Жетісу | 93,8 | 102,0 | 244,9 | 172,9 | 119,9 | 96,5 | 228,3 |
| Карагандинская обл. | 107,9 | 97,6 | 124,4 | 98,4 | 103,6 | 105,8 | 106,7 |
| Область Ұлытау | 103,8 | 99,8 | 100,7 | 10,3 | 104,2 | 102,8 | 108,8 |
| г. Алматы | 104,9 | - | 95,0 | 57,5 | 98,9 | 117,6 | 123,8 |
| Акмолинская обл. | 103,1 | 96,6 | 117,9 | 79,4 | 91,5 | 112,6 | 54,7 |
| Атырауская обл. | 106,3 | 101,4 | 107,9 | 66,7 | 97,1 | 82,3 | 76,1 |
| Мангистауская обл. | 113,5 | 93,4 | 78,2 | 40,8 | 109,8 | 86,1 | 95,6 |
| **РК** | **107,4** | **101,3** | **112,7** | **96,6** | **104,2** | **109,5** | **109,6** |

**Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында биылғы қаңтар-ақпан айларындағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды. Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров есепті кезеңде атқарылған жұмыстарды, нәтижелерді саралады. Вице-премьердің айтуынша, Қызылорда облысы негізгі экономикалық макрокөрсеткіштер өсімі бойынша бірінші орында.**

Мұнан бөлек, Үкімет басшысының орынбасары Қызылорда облысы негізгі капиталға инвестиция тарту және өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқыны бойынша бірінші, құрылыс секторындағы өсім көрсеткіші бойынша екінші орында екенін атап өтті.

**Айнұр БАТТАЛОВА,**
**«Сыр бойы»**

2-бет

АМАЛ МЕРЕКЕСІ – НАУРЫЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ ХАБАРШЫСЫ

Наурыз

**«Өзіміздің төл жаңа жылымыз – Әз Наурызды естен шығармаған жөн. Бұл мейрам – тіршілікті тулете келетін нағыз табиғи жыл басы. Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайтуға септігін тигізеді деп сенемін»**

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатынан*

# Наурызнама: ҚАЗАҚҚА ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



14 наурызда «бір жасыңмен» деп, бір-бірін бауырына қысып жатады батыстағы жұрт. Көктемнің жаңару кезеңі екенін, жаңа жылға амал етіп аман жеткенін меңзейтін керемет сөз. Кейінгі 5 жылдың шамасында бүкіл ел Амал мен Наурыз мейрамын тереңдеп ұғына бастады, той түрленді, анығын айтқанда, кей замандарда жоғалтып алған темірқазығымызды таптық. Амал, яғни, көрісу күні – халыққа ортақ құндылықтың бастауы. Осы күннен бастап 22 наурызға дейінгі аралықта бүкіл жаратылыс толғатады. Ендеше, киелі кезеңнің қайдан шыққанын қазбалап көрейік.

**Мадияр ТӨЛЕУ,**
**«Сыр бойы»**

3-бет

# ЕКІ ЕЛДІҢ ДОСТЫҒЫН АЙШЫҚТАЙТЫН ОРТАЛЫҚ



– Бауыр ретінде осындай керемет сый жасағаныңыз үшін сізге алғыс айтқым келеді. Азат етілген жерлерде Балалар шығармашылығы орталығын салу сіздің бастамаңыз еді. Осыдан бір жарым жыл бұрын Әзербайжанға келген кезіңізде аталған орталықтың жобасы таныстырылған болатын. Ол бір жыл ішінде салынды және бүгін ресми түрде ашылып отыр. Орталық қазақ халқының ұлы перзенті Құрманғазының есімімен аталды. Кеше айтқанымыздай, бұл тек балалардың шығармашылығын шыңдап қана қоймай, Қазақстан мен Әзербайжанның достығы мен бауырластығын айшықтайтын орталық болады. Біз бұл тартуға шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Әзербайжан халқы мұны ешқашан ұмытпайды, – деді Ильхам Әлиев.

Бұл орталыққа Құрманғазының есімі кездейсоқ беріліп отырған жоқ. Өйткені қазақ халқының дәулескер күйшісінің бай мұрасы бүкіл түркі дүниесінің асыл қазынасына айналды.

– Шын мәнінде, Құрманғазы – қазақ музыкасының алыбы. Тіпті түркі мәдениетінің ажырамас бөлігі деп айтуға болады. Қазақтың күй өнерін Құрманғазысыз елестету мүмкін емес. Оның туындылары өте тегеурінді әрі заманмен бірге жасай береді. Сондықтан оның әйгілі «Сарыарқа» күйін халық әлі күнге дейін тебірене тыңдайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Екі ел басшылары орталықтағы жаңа кабинеттерді, кластарды, залдар мен шығармашылық студияларын аралап көрді. Ғимараттың іргетасы былтыр наурыз айында қаланған болатын. Нысанды жобалау жұмыстары үш айдың ішінде жасалып, құрылысы 9 айда аяқталды. 1,5 гектар аумақта орналасқан орталықтың жалпы ауданы – 2700 шаршы метр. Екі қабатты ғимаратта 600 баланың бірнеше ауысыммен мектептен тыс білім алуына барлық қажетті жағдай жасалған. Мұнда дәріс залы, шахмат, аспаз кластары, көркемөнер және мүсін студиясы, хореография және спорт залдары, дыбыс жазу кабинеті, музыка және вокал класы, фото-бейнемонтаж, веб-дизайн және роботты техника кабинеттері, акт залы, 3D-модельдеу класы бар. Орталықта IT-стартаптарға және Әзербайжанның ұлттық мәдениетіне, соның ішінде кілем тоқу өнеріне айрықша мән берілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев орталық ұжымына Құрманғазы домбырасының көшірмесін, сондай-ақ білім ошағының тәрбиеленушілерін таситын автобусты сыйға тартты.

Қазақстан Президенті мемлекеттік жұмыс сапары аясында Физули қаласындағы орталық аурухана құрылысы алаңында және Шуша қаласында болды.

1-бет

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ №15 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТЫҢ ОРНЫНА КАНДИДАТ МҰСАЕВА ГҮЛШАТ ИСАҚЫЗЫ



## ӨМІРДЕРЕК

Мұсаева Гүлшат Исақызы 1967 жылы дүниеге келген.

1994 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын «Экономика және басқару» мамандығы, 2011-2013 ж.ж. Қорқыт ата атындағы ҚМУ «Экономика» мамандығы бойынша магистратураны, 2014-2017 ж.ж. РФ, Татарстан Республикасы, Қазан МАУ «Экономика» бағытында аспирантураны бітірген. РФ экономика ғылымдарының кандидаты. 90-нан астам ғылыми еңбектің, 1 монография және 8 оқу құралының авторы.

1983-1989 ж.ж. күрішші, 1989-1990 ж.ж. совхоздың комсомол комитетінің хатшысы, 1990-1994 ж.ж. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде қараушы, ғылыми қызметкер, 1994 жылдан Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, аға оқытушысы, 2023 жылдан «AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының Атқарушы хатшысы.

1986-1990 жылдары бірнеше мәрте ауылдық Совет депутаты, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақстан ЛКЖО XVI және XVII съездерінің делегаты, 2020-2023 жылдары Қызылорда қалалық мәслихатының VII шақырылым депутаты.

Отағасымен бірге ұл-қыз тәрбиелеп отыр.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

**Құрметті сайлаушы!**

Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Конституциялық реформа жүзеге асырылуда, қоғам өмірінің барлық саласы жан-жақты жаңартылуда. Нәтижесінде Әділетті Қазақстанның берік іргетасы қалануда. «AMANAT» партиясы аймақтың қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, Қызылорда облысын әртараптандырылған, бәсекеге қабілетті, экономикасы қарқынды дамыған, тұрғындарға жайлы аймақ ретінде дамытуды алдына мақсат етіп қойды. Партияның саяси, моральдық ұстанымын басшылыққа ала отырып, алдағы мақсат-міндеттерім көрсетілген сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Сайлауалды бағдарламам партияның Саяси тұғырнамасының негізгі аспектілерін және партиялық жобаларды қамтиды.

«AMANAT» партиясының атынан облыстық мәслихаттың депутаттығына үміткер ретінде сайлауға түсіп жатқан Қызылорда облысының №15 сайлау округі бойынша мына мәселелерді шешуге атсалысамын:

- Халықтың талап-тілегіне сай оң шешімдердің қабылдануына;
- Инфрақұрылымдық жүйелерді жақсарту, көпқабатты тұрғын үйлердің жылу жүйелерін қайта жаңғыртуға;
- Ауызсу, кәріз желілерін және көпқабатты тұрғын үйлерді жаңғырту мәселелерін шешуге;
- Орташа жөндеуден және қайта жаңғыртудан өтетін көшелерді жөндеу жұмыстарының сапалы болуына, кейбір тар көшелерді кеңейту, жаяу жүргіншілер жолын салуға;
- Аулаішілік жолдар, көше жарығының құрылысы, ауызсу, аяқсу мәселелерін қадағалауға;
- Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларының қолжетімділігін арттыруға;
- «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында «Арай» мөлтек ауданынан заманауи үлгіде салынатын 2000 орындық мектеп құрылысы сапасын қадағалауға;
- Балаларға арналған ойын, спорт алаңдарын салуға;
- Әлеуметтік санаттағы азаматтар мен жастарды қолдауға;
- Қоғамның тұрақты әрі орнықты дамуына ықпал ететін салт-дәстүр, отбасылық құндылықтардың сақталуына ықпал етуге;
- Экологиялық жағдайды жақсарту, азаматтардың экологиялық сауаттылығы мен мәдениетін арттыру, қоршаған ортаны таза ұстауды күнделікті өмір салтына айналдыру бойынша кешенді іс-шараларға;
- Тұрақты дамудың негізі – бәсекелестік пен жаппай кәсіпкерлікті насихаттау арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған өңірлік бағдарламаны жүзеге асыруға қатысу маңызды деп санаймын.

*Қаржысы республикалық бюджет қаражатынан төленді.*

# СЫР ӨҢІРІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША КӨШ БАСЫНДА



– Негізгі капиталға тартылған инвестициялардың өсу қарқыны 7,9%-ды құрады. Инвестициялар көлемі құрылыста 2,7 есе, білім саласында 56%-ға, көлік және қоймалауда 47%-ға өсті. Өңірлер бойынша ең жоғары инвестициялық көрсеткіштер Қызылорда, Түркістан, Жетісу облыстарында, сондай-ақ Астанада байқалды.

Өңдеу өнеркәсібі жедел даму тенденциясын көрсетуде. Өндірістің өсу қарқыны 7,4 пайызға жоғарылады. Көрсеткіш өсімі 16 өңірде тіркелді, оның ішінде Қызылорда, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары бар, – деді Н.Байбазаров.

Вице-премьер экономикалық өсуді одан әрі қамтамасыз етуде баса назар аударылуы тиіс шараларды да атап өтті. Олардың қатарында жеке инвестиция тарту, жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарын кеңейту, жаңасын іске қосу және т.б. бар.

Мәжілісте ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов Сыр өңірі екі ай қорытындысымен жоғары даму көрсеткіштеріне қол жеткізгенін айтты.

– Қаңтар-ақпан айларында ел экономикасы 4,2%-ға, барлық макрокөрсеткіштер Қызылорда, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Абай облыстары мен Астана қаласында өсті, – деді Үкімет басшысы.

Үкімет отырысында қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу мәселесі де қаралды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қалдықтарды қайта өңдеу жобаларын іске асыру барысын баяндады.

– Облыста қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеумен 18 кәсіпкерлік субъектісі айналысады. Өткен жылы 166 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтың 45,7 мың тоннасы немесе 27,5%-ы өңделді. Былтыр облыстық бюджеттен бөлінген 1 млрд 700 млн теңгеге қалдықтарды жинау, тасымалдау жұмыстарын атқаратын 49 арнайы техника алынды. Мемлекет басшысының ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу тапсырмасына сәйкес, алдағы екі жылда құны 36 млрд 400 млн теңгені құрайтын 9 жобаны іске асырамыз. Аталған жобалар аясында өңірдің барлық аудандары мен Қызылорда қаласы толық қамтылады. Бүгінде инвесторлар анықталды, – деді аймақ басшысы.

Айта кету керек, қалдықтарды сұрыптау және өңдеу саласындағы 8 жоба «Жасыл даму» акционерлік қоғамының қаржыландыру механизмі арқылы іске асырылады, 1 жобаға облыстық бюджеттен 475 млн теңге қаралды.

Нұрлыбек Машбекұлы жобалар толық жүзеге асқанда 498 тұрақты жұмыс орны ашылатынын, жылына 380 мың тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық сұрыптау және қайта өңдеуден өтетінін айтты. Одан құрылысқа қажетті брусчатка, кәріз люктері, қағаз, пластик және шыны шығарылады.

Қазір Қызылорда қаласында құны 33 млрд теңгені құрайтын 2 жоба жүзеге асырылуда. Оның бірі – қолданыстағы полигонды жаңғырту жобасы. Қалдықтарды ұсақтау және өртеу қондырғылары, 32 арнайы техника (мусоровоз, экскаватор, жүк тиегіш, жүк тасымалдаушы, өрт сөндіру, суару автокөліктері), 3 мың евроконтейнер алынып, медициналық және құрылыс қалдықтары кәдеге жаратылатын болады. Осылайша полигонның қалдық қабылдау қуаттылығы 60 мың тоннадан 210 мың тоннаға ұлғаяды.

Бұдан бөлек, шыны ыдыстар өндіруде 1 жоба іске асырылады, жоба құны – 29 млрд теңге, қуаттылығы – жылына 220 млн шыны ыдыс. Зауытқа шикізат ретінде жиналған шыны қалдықтары қолданылады.

Үкімет басшысы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне Қызылорда облысының тәжірибесін басқа өңірлерге енгізуді тапсырды.

– Кәсіпорындардың көпшілігі қайталама шикізатты жинаумен, оны буып-түйіп, шетелге сатумен ғана айналысады. Ал қалдықтарды қайта өңдеп, түпкілікті өнім шығарушылар аз. Қызылорда облысында әрбір аудан қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты өз жобаларын іске асыруда. Осындай оң тәжірибелер әр өңірде болуы керек. Жобалардың барлығын аяғына дейін жеткізу қажет. Ерлан Нұралыұлы, Қызылорда облысының оң тәжірибесін басқа өңірлерге тарату керек, – деді Премьер-министр.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қазіргі жоғары даму қарқынын сақтауды және бюджет қаражатын толық игеруді тапсырды.

– Биылғы қаңтар-ақпан айларында макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасып, екі айда республикалық деңгейде бірінші орынға тұрақтадық. Аудандар мен Қызылорда қаласы бойынша макрокөрсеткіштердің оң қарқыны қалыптасты. Бұл үшін барлық әріптестеріме алғыс айтамын. Алдағы уақытта да алдыңғы қатардан көрінуге бірлесіп жұмыс жасайық. Ендігі міндет – экономиканың өсім қарқынынан өз кірістеріміздің ұлғаюын және бюджеттің жүз пайызға игерілуін сақтап қалу. Аудандар мен қалада негізгі макрокөрсеткіштің бірі құрылыс жұмыстарының көлемі Жалағаш, Арал, Қармақшы аудандарында төмендеу. Бұл бағытта аудан әкімдері жұмыс істеуі керек. Қызылорда қаласында өнеркәсіп өндірісі көлемі 5,6 пайызға төмендеді. Оның себебі мұнай ұңғымаларының сулануы және сарқылуы салдарынан мұнай өндіру көлемінің азаюынан орын алып отыр. Осы орайда қала әкіміне өнеркәсіп көрсеткіші бойынша өсімді қамтамасыз ету шараларын күшейтуді тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бойынша да аудандар мен қала әкімдеріне, тиісті басқарма басшыларына бірқатар нақты тапсырма берілді.

1-бет

СӨЗ БЕН ІС

# «ЕҢБЕКШІНІҢ» ЖОЛЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Самара-Шымкент-Еңбекші» жолының Шиелі ауданындағы «Еңбекші» ауылына дейінгі 4,5 шақырымын жөндеу мәселесі бойынша жауапты мамандар және кәсіпорын өкілдерімен кездесті.

Кездесуге облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, Шиелі ауданының әкімі Нұржан Ахатов, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Дінмұхамед Әбсаттаров, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндіріс жөніндегі бас директоры Қуаныш Омарбеков, «KAP Logistics» ЖШС бас директоры Дархан Рамазанов, «Гежуба Шиелі цемент компаниясы» ЖШС бас басқарушысы У Чженьхуа, «Гежуба Шиелі цемент компаниясы» ЖШС бас басқарушының орынбасары Айбек Әбсеметов қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру басты мақсат екенін атап өтіп, жоспардағы жобаларды тез арада іске асырып, ел игілігіне табыстау үшін бірігіп жұмыс жасауға шақырды.

– Аталған жол учаскесін «Қазатомөнеркәсіптің» уран өндіруші мекемелері, «Гежуба Шиелі цемент компаниясы» және басқа да ірі кәсіпорындар күнделікті пайдаланады. Өздеріңізге белгілі, «Самара-Шымкент-Еңбекші» жолының 6 шақырымы (оның ішінде 4,5 шақырымы «Еңбекші» ауылына дейінгі жол) 2015 жылдан бері «КАП логистикс» серіктестігіне 10 жылға өтеусіз пайдалануға берілген. Қазір жолдың тозығы жетіп, күрделі жөндеуді қажет етуде. Өткен жылы қараша айында Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барғанымда, «Еңбекші» ауылының тұрғындары осы жолдың жағдайына наразылық білдірді. Мендегі ақпаратқа сәйкес, «КАП логистикс» серіктестігі биыл «Еңбекші» ауылынан басталатын 13 шақырым жолға күрделі жөндеу жүргізуді жоспарлауда. Оған қосымша «Еңбекші» ауылына дейінгі 4,5 шақырым жолды күрделі жөндеуді ұсынамын. Құрметті әріптестер, бұл – үш ауылдағы 2871 тұрғынның («Еңбекші» – 1605, «Жиделіарық» – 1025, «Қосүйеңкі» – 241) өтініші. Сол себепті бірлесіп жұмыс атқару маңызды, – деді Н.Нәлібаев.

Еске салайық, өткен жылғы 6 қарашадағы облыс әкімінің Сырдария, Шиелі аудандарына жұмыс сапарының нәтижесімен қабылданған хаттамалық шешімге сәйкес облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларына қолданыстағы заңдылықтар аясында «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолынан «Еңбекші» ауылына дейінгі бұзылған 4,5 шақырым жолды күрделі жөндеуді тас өнімдерін шығаратын кәсіпорындар арқылы қаржыландырылуды 1 желтоқсанға дейін үйлестіру тапсырылған.

«Еңбекші» ауылына дейінгі 4,5 шақырым – Шиелі аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің теңгеріміне жататын 4-санаттағы жол. Өз кезегінде кәсіпорын өкілдері аталған жол ортақ пайдалану үшін керек екенін, бастаманы қолдайтынын жеткізді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

АЛҚА ОТЫРЫСЫ

# СЕРГЕКТІК ӘРКЕЗ СЫНАЛАТЫН САЛА

Кеше облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының алқа отырысы өткізілді. Оған облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов төрағалық етті. Жиынға қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары, қалалық, аудандық мәдениет және спорт бөлімдерінің басшылары, спорт мекемелерінің директорлары және жауапты мамандар қатысты.

Басқарма басшысы Жанмұрат Сейілов атқарылған жұмыстар және алдағы жоспарлар бойынша баяндама жасады.

Жыл басында қайта жасақталған басқарма алдында үлкен міндеттер тұр. Соның ішінде өткен жылы Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауынан халықаралық талаптарға сай келетін жүзу бассейні бар көпбейінді денешынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Биыл мұндай жұмыстар өз жалғасын табады. Атап айтқанда, сол жағалаудан заманауи стадион мен теннис орталығының құрылысы басталады деп күтілуде. Сондай-ақ бұқаралық спортты дамыту басымдық ала береді. Облыста бұқаралық спортпен шұғылданатын азаматтар саны өткен жылдардан көбейген.

Алқа отырысында облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов сала бойынша өзекті мәселелерге тоқталып өтті. Мәселен, спорт ғимараттарының жағдайы, мүгедектігі бар азаматтардың спортпен айналысуы, ұлттық спорт түрлерінің дамуы бойынша қолға алатын іс аз емес. Оған қоса бапкерлердің біліктілігін арттыруда тиісті іс-шаралар қолға алынуы қажет. Балалар мен жасөспірімдер арасында спорт клубтарының жұмысын жандандыра түскен абзал. Осы мақсатта қалалық, аудандық әкімдіктерге біршама тапсырма беріліп, оның орындалуы бақылауда болады.

Алқа отырысында 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Үздік спортшылар», «Үздік жаттықтырушылар», «Үздік спорт мектептері», «Үздік мәдениет және спорт бөлімдері» номинациялары бойынша марапаттау рәсімі өтті.

**«СБ» ақпарат**

Наурыз

# Биыл мереке ерекше сипатта тойланады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін Наурыз мейрамының форматын жаңғырту қажеттігін ортаға салып, азаматтардың күнделікті өміріне шуағын төгетін жаңа рухани тірек негізінде сұраныстарды ескеруді тапсырған болатын. Бүгінде мерекені тойлаудың жаңа тұжырымдамасы қабылданды.**

Sb Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Осыған сәйкес өңірде ұйымдастырылатын 73 тармақтан тұратын іс-шара жоспарымен облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов брифинг барысында таныстырды. Ұлыстың ұлы күніне орай мерекелік іс-шаралар облыс көлемінде кеңінен атап өтіледі. Ол қоғамдық-бұқаралық, мәдени-көпшілік, ғылыми-танымдық және спорттық бағыттарды қамтиды.

– Қала және аудан орталықтарында мерекеге сәйкес көрнекі безендірулерге ерекше мән берілмек. Биылдан бастап 14-23 наурыз аралығында халықтық мерекені тойлауға арналған Наурызнама онкүндігі жарияланды. Бұл онкүндік төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрлерін қалыптастыруға, ең жақсы адами қасиеттерді – ашықтықты, шынайылықты, жауаптылықты, қайырымдылықты ашуға бағытталған. Әр күн белгілі бір тақырыпқа арналып, терең мазмұн-мәнге ие, – деді басқарма басшысы.

Амал мерекесі күні қала және аудандарда ерікті жастар қарттар үйіндегі ардагерлерді құттықтап, театрландырылған концерттік қойылымдар болады. 15 наурыз қайырымдылық күнінде мұқтаж жандар мен дағдарыс орталығындағы балаларға, көпбалалы отбасыларына арнайы мерекелік құттықтаулар ұйымдастырылады. Биылғы жылы Наурыз мерекесінің онкүндігі қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келгендіктен, Президенттің атынан аймақтағы көпбалалы отбасы, еңбек адамдары, қоғам белсенділері, ардагерлер және т.б. азаматтарға арнап ауызашар берілмек. Бұған қоса, «Шарапатты Рамазан» атты ауызашар қоржыны үлестіріледі. Сондай-ақ аймақтағы әлеуметтік аз қамтылған 2300 отбасына қайырымдылық көмек беріледі. Тұрғын үй кезегінде тұрған 215 отбасына Қызылорда қаласындағы Жаппасбай батыр көшесі және Тасбөгет кентінен пәтер кілті табысталады.

16 наурыз – «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні». Бұл күн мәдениетті, өнерді және ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналады. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу бойынша өтетін іс-шара жоспары жайлы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова айтты. Дәл осы күні С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, креатив суретші Дәулет Тойшыбавтың «Кілем арт» атты заманауи кілем бетіне сурет салу өнер көрмесі, «Анаға тағзым» орталығында салт-дәстүрден рәсімдер, «Ақмешіт» музейі филиалында «Ұлы даланың ұлық мерекесі» атты мерекелік шара, Н.Бекежанов атындағы театрда балалар қойылымы және барлық мәдениет ұйымдарында ұлттық салт-дәстүрді насихаттауға бағытталған іс-шаралар, мәдениет үйлері мен клубтарда ұлттық фильм көрсетілімдері өткізіледі.

18 наурыз – Ұлттық киім күнінде «Анаға тағзым» орталығында «Этно FASHION» ұлттық киімдерден сән үлгісі фестивалі, «Отбасы орталығында» ұлттық киімдер дефилесі өткізіліп, әлеуметтік желілерде ұлттық киімдерді дәріптеу үшін арнайы челленджер ұйымдастырылады.

Қала бойынша 150 іс-шара өтеді. 21 наурыз күні кешке Тараз қаласы көшесінде эстрада әншілері мен жергілікті өнерпаздардың қатысуымен гала-концерт болады. 22 наурыз күні негізгі шара «Өнер орталығының» алдынан бастау алады. Онда «Руханият ауылы» ұйымдастырылып, басқармаға қарасты мекемелер киіз үйлер тігіп, креативті қолөнер шеберлерінің сауда көрмелері, музей, кітапхана, архив салалары бойынша тақырыптық көрмелер, ұлттық киімдерден дефиле, салт-дәстүрлерден көріністер, жыршы-жыраулардың, дәстүрлі орындаушылардың концерті өтеді.

Биыл Байқоңыр қаласында мемлекеттік және ұлттық мерекелерді өткізу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, 23 наурыз күні Байқоңыр қаласында өтетін Наурыз мерекесінде облыстық филармонияның концерті ұйымдастырылады. Сонымен қатар мерекелік онкүндік барлық аудан мен қалада ағаш көшеттерін отырғызу және көшелерге тазалық жұмыстарын жүргізумен жалғасын табады.

# Наурызнама:
## Көрісу – қазаққа ортақ құндылық



Фото: Ашық дереккөздерден алынды

Коллаж: Г. Өтешова

### Көнерген күнтізбенің қисыны

Жалпы, Амал мерекесін жат санап, үрке қараудың қажеті жоқ, олай қарасаңыз тарихты өзгертуге талпынған бекершілік дер едік. Бұл мереке туралы ғалымдар пікірі әркилы екенін жиі естиміз. Көрісу күнін зерттеп жүрген ғалымдардың кейбірі бұл күнді географиялық ерекшеліктермен байланыстырса, кейбірі Наурыз мейрамының алғашқы кіріспесі ретінде қабылдайды. Ал кей ғалымдар бұл дәстүрдің шығу төркінін күнтізбенің ауысуымен байланыстырады. Себепсіз емес, 1918 жылдың 24 қаңтарында Халком кеңесі Григориан күнтізбесін қолданысқа енгізді. Бірақ алдыңғы-сымен айырмашылығы 13 күн болған. Соған байланысты 1918 жылдың 31 қаңтарында ескі күнтізбені аяқтап, 14 ақпанда келесі айды бастаған. Осы деректі басшылыққа алса 1 наурыз 14 наурызға дәл келеді. Мұны Шәкәрім қажының баласы Ахаттың естелігінен көресіз: «14 март – ескіше 1 март. Әкей айтты: «Бүгін ескіше 1 март, қазақша жаңа жыл, Ұлыстың ұлы күні дейді. Ал жаңа жылдың бұрынғы аты – Наурыз, бұл фарсы тілі, «жаңа күн» деген сөз» деп жазған. Ежелде қариялар «қызылбастың наурызы» деуі осыдан. Бірақ наурыздың астарында діни түсінік жоқ екенін бірден айтып қояйық.

Дегенмен Көрісудің тарихын күнтізбенің ауысуынан іздеуге негіз жоқ. Көрісу күні, яғни Амал мерекесі Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан өңірлерінде атап өтіледі. Алайда мерекені тек батысқа тән деу келіспейді. Оған дәлел ретінде Абайдың «Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып...» деген өлең жолдарын келтірсек болады. Шынында қазақ халқына ортақ ежелден келе жатқан көктем мерекесі. Мерекенің шығу тарихы анық болмағанымен, негізгі мәні көпке аян. Наурыз мейрамынан бұрын басталатын Көрісуге қатысты түрлі жорамал бар. Күнтізбені былай қойғанда, «еліміздің батысында ауа райы жылы болғандықтан көктем ерте келеді» деп түсіндіруге тырысады кейбіреу. Алайда Амал мерекесін ертеден тойлайтын Батыс Қазақстан облысының қысы қатты екенін, сәуір өтпей қар кете қоймайтынын ескерсек, бұл мерекенің ерте өту себебін ауа райының әсерінен деп топшылауымыз – жаңсақтық.

Көрісу мен Наурыздың байланысын іздегенде алдымыздан «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясы шықты. Осы кітаптан аталған мейрамдарға қатысты көптеген деректерді кездестіре аласыз. Наурыз – ерте заманда отырықшы иран тілдес халықтарда қалыптасқан, егіншілік ғұрыптарымен байланысты мейрам саналатынын онсыз да көп оқыдық. Күн мен түннің теңелуіне негізделген, яғни, көктемнің келуі, табиғаттың тірілуімен шендестіріліп, егін егу науқанының басталуымен түсіндіріледі. Уақыт өте келе Наурыз мұсылман түркі елдерінің «Ұлыстың ұлы күні» деген мағынада төл мерекесіне айналғаны жазылған. Көне заманнан бері Наурыз күн мен түннің теңелген уақытында, яғни, жаңаша наурыздың 22-сінде (ескіше наурыздың 9-ы) жыл басы ретінде тойлап келе жатқан айтулы мейрамы. Бағзы бір замандардан дейтініміз, Наурыз мейрамымен байланысты айтылатын аңыз-әпсаналар, мақал-мәтелдер, бата-тілектер, наным-сенімдер, салт, ырым-жоралғылар атаулы ел ішінде аз кездеспейді. Мұндай тілдік деректердің аса мол болуы Наурыз мейрамының әлеуметтік-мәдени маңызының аса зор болғанын, тарихының өте тереңде екенін көрсетеді. Амалдар наурыз айында басталады. Амал деп отырғанымыз – кәдімгі әрекет, еңбек ету, жұмыс істеу. Жыл аяғында, наурыз айының 17-21 күндері аралығында болатын жауынды-шашынды, суық, әрі лайсаң мезгіл бесқонақтан қатты сақтанып отырған. Самарқанның көк тасы жібитін күні шығыста күн жылып, жер жібіп, ашық, шуақты мезгілдер басталатынын хабарлайды. Жаңа айдың туатынына дейінгі бір-екі күн мен «кеміген» айдың аспаннан екі күндік жоқ болып кету мерзімін қазақ әліара атаған. Осы арқылы алдағы айға болжам жасалады. Наурыз айының соңғы күндерінде жыл құстары да ұшып келе бастайды, қар аралас жаңбыр, суық жел тұрады. Мұны ел құс қанаты деп атап тағы сол амалға жатқызған. Міне, осылайша өзара іргелес ұғым күйіне еніп, халық тілінде кейде амалдың атымен айдың атын немесе айдың атымен амалдың атын атай берген. Наурыз айының әсіресе алғашқы он күні халық тілінде түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз, ая мейіз алты күн, қырына алса қатты күн деп сипатталады. Қар күрт еріп, жер лайсаң тартып жатқанмен, артынша-ақ алай-түлей қар борап аласапыран болып кетеді. Наурыз айының 10-15-терінде өтетін бұл амалды халықтық метеорологияда отамалы атайды. «Қара жерге келсем, қар әкелемін, қарға келсем, қар әкетемін» деген отамалының серті бар дейді есепшілер. Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлу Сары жұлдызы бір түзудің бойында тізіле орналасады. Есепшілер жұлдыздардың теңесуінен күн мен түннің теңелуін байқаған екен.

1-бет

### Бір күнмен бітпейтін кезең

Этнограф-ғалым Мәшһүр Жүсіптің Бұхар жұртынан келтірген дерегінде күн мен түн теңелгенде, балық аунап түсетін құбылыс айтылады. Жиырма тоғыз жасында Бұхарай шәрифте болған Мәшһүр Жүсіп өзі байқаған жайын: «Наурыздама той қылатұғын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай тептегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» деп, сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» деп жазады. Енді бір сөзге үңілсек, «тура сегіз күн тойланады» делінген, демек, дәл осы кезең шамалап қарасақ 14-22 наурыз арасындағы санды көрсеткендей. Дәмге үлкен мән беріп, кие-қасиетін ерекше бағалап қадірлеуге байланысты халықтық түсінік бойынша әр ел арасында бір тайқазан болғаны туралы деректер бар. Қазанның Наурыз мерекесі кезінде де жосын-жоралғылық мәні арта түседі, яғни, ілкіде әр үй өзінің 7 түрлі тағам қосып, пісіріп әкелген көжелерін ел игілігі, құт-берекесі саналатын қазанға құяды. Қазаннан қайтадан таратылып, жиналған халық болып бір мезгілде ішіп-жеп, түрлі шараны атап өткен. Ол береке-бірліктің, татулықтың нышаны болып саналатын ғұрыпқа байланысты атқарылатын.

Ел ішіндегі аса бай, дәулетті адамдардың наурызды той қылып өткізуі Наурыздама аталған. Наурыздама тойы бір аптаға созылып, сегізінші күні тойға келгендер тарай бастайды. Арқа еліндегі дәулетті Тәти Наурыздама тойын өткізген деп, арғынның атақты биі Едігені жүз кісісімен күткендігі жөнінде Мәшһүр Жүсіп жазбаларында мынадай дерек бар. «Сіз бір жақтан бір жаққа бара жатқан жолаушы емессіз, әдейі Наурыздама қылдыра келдіңіз! Ұдайымен сегіз күн қылмаған соң, мұның қылуға не сәндігі бар?!», – деп сегіз күн күтіп, сыйлап, бір күнінен бір күнін асыра беріпті. Наурыз мейрамында тағы бір маңызды дүние – кешірім сұрау. Мұның өзі жүректі таза ұстау, кір шалдырмаудың халық ұғымында соншалықты маңызды екенін көрсетеді. Біз атаған кітапта Көрісу – Ұлыстың ұлы күні атқарылар салттың бірі аталған. Этикет бойынша жасы кішілер алдымен үлкен шаңыраққа барып, жасы үлкенмен көріседі.

### Мифологиядағы шындық

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда екі ұғымның тығыз байланысты екені жазылған. Қыдыр ата – халықтың байырғы мифологиялық танымында адамға ырыс, құт дарытатын, көксеген тілегін орындайтын, қысылып-қиналғанда дем беретін, қауіп-қатерден құтқаратын әулие ретінде түсіндіріледі. Ел түсінігінде Қыдыр ата елеусіз жанның, карт адамның, мүсәпір жанның, арып-ашқан жолаушының кейпінде көрінуі мүмкін. Содан Қыдыр ата шырақ жаққан жерге келеді деп, Ұлыстың ұлы күні Наурызда жұп шырақ жағатын болған. Ондағысы, бақ қонып, Қыдырдың назары дарысын деген пайымдаудан. Ұлыстың ұлы күні Наурызда ақсақалдардың қол жайып, «Бөденедей жорғалап, Қырғауылдай қарғалап, Қыдыр келсін қасыңа. Осы тұрған боз үйге, Қыдыр ата дарысын!» деп айтатыны бекер емес. Қыдыр ата түсінігі кез келген жерде бақтың, ырыс-несібе мен молшылықтың, сәттіліктің иесі саналады. Бұдан не ұғамыз? Наурыз жыл басы деп отырмыз, демек, адамдар келген жылдан жақсылық күтетінін осы арқылы ымдаған тәрізді. Ұлыстың ұлы күнгі Қыдыр түні қара қазанның түбі бос болмасын деп, май тамызып, үйдегі ыдыстарға сүті бар, айраны мен уызы бар, ағарған атаулыны құйып қояды. Қайсыбір ыдысқа бидай, арпа, сұлы толтырып, бақырға бұлақ суын толтырады. Бұл жоралғы жыл бойы молшылық болсын деген тілеуді аңғартады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні молшылықтың жоралғысы ретінде әрбір шаңырақта міндетті түрде қазан толы наурызкөже әзірленеді. Наурызкөже кем дегенде жеті дәмнен жасалады. Су, тұзды да дәмге қосады. Жетіден асыруға да рұқсат, дәм тақ сан түрінде болуы тиіс. Өйткені наурыз «береке, бірлік» идеясын білдіреді де, тақ бөлінбейтін, «бірлік саны» ретінде ұғынылады. Жасы үлкен ауыл, ел, әулет, әулет қарияларының кейбірінің аты Наурыз, Наурызбай болса, келіндер жағы эвфемизммен көпкөже, тілеукөже деп атайды. Түйінге ойыссақ, Көрісуіміз бар, Наурызымыз бар, екеуін амал кезеңі атайтын болсақ, қазір осы күндердің бізге берері не?

Алдымен Наурыз мейрамы халықтың санасына маңызды дата есебінде сіңісіп үлгерді. Ендігі мейрамның мәні жалпыхалықтық сипатқа ауып, біз көп айтатын бірлік пен берекенің негізін қалаушысына айналуы тиіс. Ол үшін тағы да маңызын арттырар қосымша мән жүктеген дұрыс тәрізді. Бұл тұста бірнеше дүниені алға шығаруға болады. Мәселен, біріншісін жақындастыру деп алайық. Қазір ел-жұрт көрші мен туыстың арасы бұрынғыдай жақын емесін айтып жатады. Бұл күні ертедегі көшпенділер ескі киім-кешек пен көнерген заттарын өртейтін болған. Үй ішін әсемдеп, алдағы мен арттағы, оң жағы мен сол беткейде отырған қырық үйге дейін бас сұққан. Дастарқанға төрт түрлі дәнді дақыл қойылып, ел ырысы тасығанын тілеген. Енді қараңыз, осы жерден екінші құндылық шығады. Жаңағы суреттеуімізге үңілсек, құдды қазір біз тойлатып жүрген жаңа жыл мейрамы іспетті. Әлемде датасы бөлек өзіндік жаңа жылдарын тойлайтын елдер бар. Қазіргіні кері теппесіміз белгілі, бірақ екеуінің де өзіндік мәнін сақтауға болатындай. Бұл пікірді құптаушылар жетерлік. Мысалы, этнограф Жамбыл Артықбаев түбі қазақтың жаңа жылы наурыз айында тойлану керегін біраз бері айтып жүр.

– Наурыз мерекесі неолит дәуірінде, яғни тас дәуірінде, біздің заманымызға дейінгі 7-6 мыңжылдықтардан бері бар. Бұл мереке жайлы қажет десеңіз көне адамзат аңыздарында, Інжілдегі Нұқ пайғамбардың оқиғасында да айтылады. Діни мейрам дегені желеу ғана, Кеңес Одағы заманында ұлттық болмысқа қарсы күрес қатты жүрді. Сол себепті дінді сылтау етіп ұлттық болмыстан айырды. Наурыз – салт-дәстүрді түгендеу емес, тірілту. Бұрын да айтып келдік. Амал мерекесін өз басым құптаймын. Бұл тұста батыс өңірін бөлудің қажеті жоқ. 14 наурыз бен 22 наурыз арасы – көктем қонақтайтын шақ, яғни, жер дүниенің жаңарар сәті. «Наурыздың келгенін судағы балық та сезеді» деген сөз бар. Самарқанның көк тасы жаңа жылда жібиді деген – осы, – дейді тарихшы-этнограф.

Сонымен, амал айымыз елдің жаңа тынысын ашып, серпілуіне рухани тұрғыдан дем бермек. Бірлікке ұйытар мерекенің көптігінен керегеміз нығаймаса, құламасы анық. Көрісу мерекесі мен Наурыз мейрамы – екі бөлек қуаныш, әйтсе де ұйытар игі ісі мен айтары бір. Алғашқысы – байырғы бабалар иланып, көне аңыз айғақтаған жаңа жыл болса, екіншісі – күн мен түн теңескен, жер жібіген киелі шақ.

> «Қазір еліміздегі мектеп кітапханаларында 130 миллионнан астам кітап бар. Бірақ ондағы көркем әдебиеттің үлесі мардымсыз. Шын мәнінде, кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын оятуымыз керек. Бұл қиын мәселе екенін түсінемін. Әсіресе, олардың бар назары әлеуметтік желіде болған кезде, тіпті қиын. Бірақ бұл мәселемен айналысу керек. Басқа жол жоқ. Сондықтан «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды тапсырамын. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін және жанрларын қамтитын арнайы тізім жасалуға тиіс. Сол тізімдегі кітаптар барлық балаға қолжетімді болуы керек.»
>
> ***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінен.***



# Алғашқы асу

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда рухани қажеттіліктің бірі көркем әдебиеттің көкжиегін кеңейтуге бетбұрыс жасау керегін айтқаны белгілі. Бұл қаламгерлерді ғана емес, оқырман қауымды да айрықша елең еткізді. Әсіресе балалар әдебиетіндегі тұйықталудың кітап сөрелеріндегі орнының олқылығынан-ақ бірден аңғарылатынын айтқаны қалам ұстағандардың баршасын рухани серпіліске жетелегені хақ.

Жазушылар одағына тікелей бағытталған бұл ескерту журналистер мен баспагерлердің де жаңа әдеби дүниелерді көзден таса етпеуін өткірлей түсті. Осы тұрғыда Сыр бойы қаламгерлерінің ұстаханасы іспетті біздің редакция ұжымы да дәмді туындыларды елеп-екшеуге бет бұрды. Бүгін Жаңабай Кемалдың «Алғашқы асу» атты хикаятын жариялап отырмыз.

(хикаят)

Жағалау бойы жалаңаяқтарына біткен делебе көңіл бәрімізді шаттық шабарманына айналдырды. Құйындай құйғытып, ауылдың ол шетінен бұл шетіне дейін башай белгісін күніне бір қондырмай тыншу таппас балалық-ай! Қалай дегенде күнге өпкізіп, теңіз суына бойлатпай, біздің құйтақандай тұлғамыздың құрыс-тұрысы бір жазылып көрген емес.

Бүгінгі берекетті істің басын бақалшақ күрестіруден бастадық. Кеңес дейтін бала-бастығымыз осылай деп жобаласа, бізге не шара? Өзі де жұтынып тұрған бала ғой. Тал бойына не ілсең, сол жараса кетеді. Әкесі партизан атанған ауыл құрметтісі болғандықтан емес, өр мінезді, ойын үстінде болса да ерлік суретін қайталауға құмар. Ашу шақырғанда көздері ұшқын шашып, көгіс тартып кетеді. Бұлшық еті бұлтылдап, қол күрестіргенде керемет.

– Шіркін, Кеңестей күшті болсам! – дейтін біз сияқты тәупелтектер былай шыға қарымыздың етін сағыздай тартып, бұлшық етіміздің берекесін қашыратынбыз. Теңіз жағасының жұмсақ табанында жатып алып, бақалшақ «күрестірген» жеңіл жарысқа не жетсін?! Әр тұста дуылдасып, жеке біріншілік өткізіп жатырмыз. Киімдерімізді жағалау желі ет жіліктегендей осқылап өтеді. Шешелеріміздің шеберлігін сынға салғандай қолдан тігілген іш киіміміз өзбектердің ала шапанына ұқсайды. «Түрі сияқты тазалығы да ала-құла шығар-ау?!»

Бұлай шұқшылуымның да реті бар. Былтыр әжем мойныма бірдеңені мұп-мұздай етіп іле салғанда шошып кеткенмін.

– Бәле-жаладан сақтайды, мынаны бойыңда ұстап тағып жүр, – деп үш бұрышты тұмарды сипалап тұр.

– Ойбай, әже, мынауыңды жолатпа киіміме! Балалар мазақтайды.

– О несі-ай, кім көреді соны?

Амал жоқ, біраз уақыт жүйкені жеңбей қоймайтын бажылыма салып, көз жасымды аямай төге салғам. Сөйтіп тауардан жасалған «медальдан» біржолата құтылғанмын.

Айтпақшы... Ойыма өткен жазғы Әлібек қылығы оралды. Оның әжесін барша ауыл «айқайшы» атайды. Қатыш әжейдің ызғарлы сабағы бала біткеннің жадында жақсы жырдай жаттаулы. Онда да осындай оңаша ойын жалақтың қызығына түсіп кеткенбіз. Әлібек дүкенге өткізем деп айналадан тауып алған екі шынысын құммен ысқылап әлек. Бізбен шаруасы жоқ, ойынға да қатыспады. Оның мұрны пысылдап, оңай табылған олжаға соншалық берілгені Кеңеске ұнамады. Әуелі:

– Әй, көккөз, ойынға қатысасың ба, жоқ па? – деп ескерткен болды да, мыңқ етпеген Әлібектің жуып жатқан шынысын қолынан жұлып алды. Сол бойда теңіз төріне қарай лақтырды. Оған қанағаттанған Кеңес па, жүзіп барып адам бойламайтын тұстан әрі әлгі шыныларды зымыратты дейсің.

Бақырып-өкірген Әлібек ауылға зытты. Жалақтың қызығына түскен бізді Жиенейдің:

– Ойбай, Әлібектің әжесін қара! Көйлек-дамбалымызды алып кетті, – деп жыламсыраған тарғыл даусы бір-ақ тоқтатты. Мәссаған! Шынында да, жаулығы бір жағына қарай ысырылған, есіл киімімізді құшағында умаждай «айқайшы» шешей жағадан бірталай алыстап кетіпті. Кәрлі кемпірдің оқыс қылығынан не істерімізді білмей, жағалаудың шеге құмына қаз-қатар сұлай кеттік.

Не күлеріңді, не жыларыңды білмейсің. Ақыры кештің батуын күтуге тура келді. Қарын аш, көңіл-күй белгілі. Ұйықтағы қара лаймен үсті-басымызды майлап, алдымызға үп-үлкен түп адыраспанды көлегейлей ұстап, сайдың ішімен Әлібектің қорасына жақындадық.

Күлкіден жарылатын уақыт алда екен. Бұл үйдің қора жақ беті күлдікпен қоршалған. Күлдік – қыс бойы жағылған тезек, қи және жыңғыл, көк бұтаның күлі үйілген жер. Осы күлдікті қапталдай желі тартылады. Көбіне желіге байланатын түйе, бота-тайлақтар. Біздің қора сыртындағы күбір-сыбырымызды қу кемпір бірден байқады.

– Әй, сүмелектер, ендігәрі қараларыңды көрмейтін болайын. Әлібектен аулақ жүріңдер. Мә, алыңдар енді еңбектеніп көйлек-дамбалдарыңды! – деп желіде ойнақшып тұрған жалпылдақ жас тайлақтардың үстіне киімдерімізді түсіп қалмайтындай етіп байластырды. Сонан соң:

– Шу, жануар, зауладар! Мына құтырған боқмұрындармен жарысып, бір серпіліп қалыңдар, – деген бойы кеңк-кеңк күліп үйіне кіріп кетті.

Біршама уақыт нешетүрлі ызалы сөзбен қамшылап, тайлақтармен бірге тапырақтастық. Одан түн ішінде теңізге қайта барып, жуынып, киімімізді киіп, үйге құр сүлдеріміз жеткен.

Сол оқиға теңізге шомылған сайын жылмаң етіп әзіл шақырады.

– Ай, Әлібек, әжеңнің сол сабағын шал болсақ та ұмытпаспыз, – десем, Абат та қарап тұрмай:

– Білдірмей жүнін жұлып, қан шығармай соятын Аяз би сияқты ғой Қатыш шешей, – деп қойды қушикештеніп. Жеңіл қағытпаға әуес ол ауыл-үйдің абысын-ажынына тиесілі «шешей» дегенді тапқырлықпен сәндеп айтты. Үш пысық ыстық құмға табан қуырып, дүкен тұспен үйді-үйімізге төтелеттік.

***

Әжем самаурынын қайта-қайта бұрқылдатып шаршаған білем, сарайдың көлеңкесінде төселген көнетоз алашаның үстіне бешпетін жастана қалғып кетіпті. Жүзіндегі уайым табы ұйықтап жатса да сейілмегені мені кәдімгідей жабырқатып тастады. Күнұзаққа жағалау қызығына батқанда не таптым? Оның үстіне жетім баланың осынша далбаңдауы кімге қажет?

Ернімді тістелеп, көзіме үйірілген көңілдің мөлдір тамшыларын сүрткім келмей, еңіреп жібергім келіп тұр. Үйден сәл ұзаңқырап кетсем-ақ «Жәкенжан!» деген әжемнің қоңыр даусы мен аналық айғағындай ақ жаулығы адыраспанды ақ шағыл төбеден көзіме оттай басылады.

Сондағы тамақ пен шайды күттіртетін азаматының сиқы қайбір келісіп тұр десейші?! Көзім жылтыңдағаны болмаса, аяқ-қолым бір тұтам. Жарытып ештеңе ішпесем де қарным шертиеді де жүреді. Бұған да ызам келеді. Әсіресе, кейбіреулердің тілалғыштығыма «қыртпыш қой» деп таңдай қағатындары ызамды келтіреді. Жұдырығына сүйенгендер анау-мынауды жиып қойып, «қу тапал» деп дүңк еткізеді.

Самайындағы күмістей бурыл шашын ерке жел ақырын ғана желпіп өтеді. Жаюлы дастархан әжемнің ашық алақанындай сезіледі. Қолғабыс жасағым келді. Әуелі сарайдың ішін сыпырып, төсекті реттеп, көрпелерді пәттелеп жинадым. Шамның пиялайын алып, әжемнің әдетінше қағазды шиыршықтай орап сүрте бастадым. Саусақтарымның жеткен жерінше тазартып отырғанда, дөңгелек шеті қолымды жырып кетті. Қанын тиятын не мақта, не шүберек оңайда болмағасын саусағыма құм сеуіп тұр едім. Қасыма әжем келіп қалыпты.

– Әу, Жәкенжан, қашан келдің? Шайыңды, тамағыңды іштің бе? – дей беріп, қолыма жармасты. – Қарағым-ау, абайласаң етті, қайда жүріп қанаттың? Жалма-жан жаулығының бір шетін жыртып, добалақтап таңып тастады.

– Пиялайды ыс басып, қап-қара болған соң, тазартайын деп едім ғой. Айналасы сызғылап кетті... Бұдан кейін мәртебем өсіп «жігіт болдының алды осы. Талабыңнан айналдым!» деген лебізді естіпекке дәмеленіп тұрғанмын. Әдеттегі ризалық бұл жолы басқаша қайталанды.

Отын, шөп жиналатын жабық қораның бір бұрышында кішкене кілет болатын. Әжем үн-түнсіз соның кілтін іздеп әбігерленді де қалды. «Тұқымы жайылғырды қайда қойдым екен?!» деп сандалғандағысы жаулығының бір ұшында түйілген болып шықты. Әбден шаң басып қалған қара құлыптың сыртқы оралған шүберегін жазып қалғанда, таты қабыршақтанып қоса түсті. Кілтін бір-екі рет нығарлап бұрағанмен, ашылар сыңайы байқалмады. Әжем өзінің үйреншікті тәжірибесіне басты. Жермайдан көне құлыптың тесігіне тамызып, кілтті оңды-солды бұрап жібергенде жып етіп ашыла кетті.

Өрмекшінің торынан жиренбей, қара көлеңке кішкене кілеттің ішінде әрнәрсені аударыстырып «қайда кеткен құрымағырды» жиілетті. Бір уақыт іздегенін тапты білем.

– Әп, бәрекелді! Әлі бүп-бүтін тұр екенау өзі. Бәсе, анада мықтап орап едім-ау, әдейі. Неге бүлінсін?! – дей жүріп ер-тоқым мен қамшыны біресе көз алдына тосып, біресе шаң-тозаңынан үрлеп тазартып, сол күйі аулаға шықты. Манағы уайым танытқан әжімдер бойында қуаныш табы алмасқанын аңғартқандай әжемнің ақсары жүзі қызыл күреңденіп сала берді.

«Артымда кекілі құйрық тайым бар. Қызығын көрсең сен көрерсің», деген әке сөзін ұмытпаған шығарсың, балам. Ырым болсыншы деп, мына ер-тоқым мен қамшысын тілекші үмітпен сақтап жүр едім. Енді осы мүлікке өзің ие бол. Анау екі тартым ау да – әкеңнің қолдан тоқыған еңбегі.

Күн көзі төбеден жай ғана ысырылып, кішкене ауылдың шетіндегі біздің үйдің шағын дастарханына шуағын сеуіп бара жатқандай. Шайды бүгінгідей ұзақ та мейір қандыра ішіп көрмеген шығармын, сірә. Бауырсақты бірінің артынан бірін жөнелтіп, ақ тер, көк тердің астында мәз-мейраммын. Әжем баяғы әкем бар кездегідей кесені үш жерге таратып отыр.

– Көкеңді осылай еске алмасақ, кімнің ойында қалды дейсің. Жаным Жәкен, әйтеуір Кемелдің баласы міңгірлек дегенді есіттірмесең болды.

Өзі қайратты, қимылмен ғана тыныстайтын шешемді неліктен әже атап кеткеніме қайран қаламын. Қайтерсің, ауыз ғана емес, елжіреген перзенттік ықылас осылай десе ғана тыншиды білем. Мақұлдағанымды қайбір сөзбен жеткізуге үйреніппін. Оның үстіне өкпешіл, дықшыл мінез де тұралатып, ілгері бастырмайды. Бар болғаны әжемнің қолтығының астына кіріп, мейірімге толы саялы алақанға басымды сипатып тұра бергім келеді.

Әжем 30-жылдар тұсында «Бессай» қолтығында теңізге ау салып, кермеше тартқан. Екеуден екеу отырып, әңгіме қозғағанда, тізгін әжеме тиеді. Менің шатып-бұтып күнделікті көрген жайдан құраған әлжуаз хабарым әлдеқашан бәсін жойған. Әжем былайынша да сүдінсіз сөзді жақтырмайды. Әуелі осы күнгі абысын-ажындарды сынмен сырлай отырып, өз биігінен толғанады. Ауызекі естеліктің бір тарауы теңіз төрінен өрілетін.

Әжем 30-жылдар тұсында «Бессай» қолтығында теңізге ау салып, кермеше тартқан. Екеуден екеу отырып, әңгіме қозғағанда, тізгін әжеме тиеді. Менің шатып-бұтып күнделікті көрген жайдан құраған әлжуаз хабарым әлдеқашан бәсін жойған. Әжем былайынша да сүдінсіз сөзді жақтырмайды. Әуелі осы күнгі абысын-ажындарды сынмен сырлай отырып, өз биігінен толғанады. Ауызекі естеліктің бір тарауы теңіз төрінен өрілетін.

...«Күләш аралы» аталған шағын лай балық реті сонау «Бөлтен» жағында. Әкең екеуміз бір қайық ау төгеміз. Айдың жарығында шүпірлеген шабақ пен ақ балық ау құрып болмай-ақ сылдыр етіп, арқалыққа соғылады. Әй, берекетті теңіз-ай, қу қайықтың қос ескегін ескенде, анау-мынау шепік еркектер бас шайқайтын. Бір күні қайық толы балық аулап, «Үшшоқыдағы» мұзқалаға тапсырғанбыз. Сол лай тұсы құтты болды. Колхоз бір айлық жоспарын тәулік ішінде орындап шыққан. Біздің ауымыз майлап қалғаннан кейін, бүкіл жылым, кермеше, ау біткенді жағалай құрып тартқызды ғой басқарма қайным. Жұрт теңіздің сол тұсын «Күләш аралы» деп атап кеткен, балам!

Көрдіңдер ме, менің әжем осындай! Өзім қатарлы жүгермектерге бұдан әрі дамытып, өсіріңкіреп жеткізу қолымда тұр емес пе? Енді бір сүйенер ескерткішімді табу үшін қашыққа көз талдырудың қажеті жоқ. Ол – біз отырған мынау жатаған тамның өзі. Әуел баста балықшыларға монша есебінде қуысқолтықты қылып тұрғыза салған. Төргі бөлме терезесі көшеге, не күнгейге қарап емес, тура төбеден ойып қондырылған. Күн сәулесі төрімізге, дастарханымызға аспандағы ақша бұлт суретімен әдемі реңк қосады. Түнге қарай аспан әлемі қоңыр үйге ай сәулесін төгілтеді.

Білте шам сәулесінің күңгірт пердесінен түңдік іспеттес терезеге дейін мен бақылап, топшыламаған сиқырлы суреттер бар-жоғын қайдам?! Бала қиялы қандай әсем: тіпті бұрыш-бұрыштағы қарапайым ноқат, сызықтар әрі-беріден соң әлдебір аң бейнесіне телініп, қым-қиғаш оқиғаларды андыздата жөнеледі. Ойхой, сондай сәтте көрпе ішінен шытырман оқиғаның кілтін олай да, былай да бұрасам келіп.

Бұрындары тамақты іше сала Абат пен Әлібек үйлерінің маңынан дөңгелекті зырылдатып өте шығар едім. Сәлден кейін сирағын сидитып Әлібек, ұртын томпайтып Абат балықшылар қоймасының көлеңкесіне келіп жайғасары сөзсіз. Сонан соң әйгілі үш табан ұшырмаққа кірісіп, асық соңынан жүгіру басталады.

Дәл қазір көңіл-күйім балалық асығыстықты жеңіп тұрғандай. Оның үстіне әжем де жоқ жерден әке үмітіне қатысты көне дүниелердің кілтін ұсына қойды. «Өлер шағында кісі көреген боп, көңілшек райға көшеді. Алды-артының бәрін одан артық топшылар жан болмайды ол кезде», дейтін кәрікұлақ көнелердің қағидалары да сумаңдап, әжем екеуміздің ортамызға делдал бола қалды. «Атай көрме», – деймін ішімнен. «Әжесіз өмір сүрудің, әркімге жалтақтап телмеңдеудің қасіретін жолата көрмегей!».

Әжем болса, көрпе-көпшік тігісіне ауысып, әлдебір мұңды әуенді ыңылдайды. Сөйтіп, жабырқау көңілін демеген болады. Әсіресе, соғыстан қайтпаған Әжмағиын ойлағанда көкірегі қарс айырыларын балалық босаң сезім де байқай алды.

Тағы да еркелігіме басып, жиналып біппеген дастархан жанында құрақ көрпе тігіп отырған әжемнің қолтығын ала жанына құлай бердім. Әуелде көзімде жас болатын, сонымды жасырам деп арлы-берлі аунақшыған күйімде ұйықтап кетіппін.

***

Сай маңы абыр-сабыр жүгіріс, балалардың беймаза шуылына толы. Оған қоса электростансаның даусы да зіркілдеп мазаны қашырып барады. Почта үйінің түбіндегі қара бағанның басындағы шелектей радио да бүгін бабына түсіп, саңқылдап тынбай тұр. Кеше радист Нұрхан сол «шелекті» арлы-берлі төңкеріп, баған басында аунақшытып жатыр еді, тілін тапқан ғой.

Өзі де пісентті адам. Біздің бәкене үйіміздің төбесінде оның да ізі жатыр. Радионың сымын тісімен жалаңаштап тартқанда пышақтан бетер. Тілдей шаппасымен тотығыңқырап қалған қос сымды айналдыра қырғыштайтыны қызық. Кейін мұндай шеберлікті өзім де қайталай алатын болдым. Ой белдеуінде оқшауланғанда назарыма осылар ілінді.

Білте шам сәулесінің күңгірт пердесінен түңдік іспеттес терезеге дейін мен бақылап, топшыламаған сиқырлы суреттер бар-жоғын қайдам?! Бала қиялы қандай әсем: тіпті бұрыш-бұрыштағы қарапайым ноқат, сызықтар әрі-беріден соң әлдебір аң бейнесіне телініп, қым-қиғаш оқиғаларды андыздата жөнеледі. Ойхой, сондай сәтте көрпе ішінен шытырман оқиғаның кілтін олай да былай да бұрасам келіп.

Ауылды қақ жарып жатқан кең арналы ұзын сай балалық базардың құтты бесігіндей. Қасиеттілігі сол – ешкім шыны сынығын, темір-терсек, күл-қоқыстарын әлі күнге төгіп көрген, ластаған емес. Бұл жерге балалардың барлығы жалаңаяқ келеді.

Біздің ауылдың пәлендей бай табиғаты бар деу ертелеу. Әйткенмен, жер атауы жетегіне ерсеңіз, бұл өлкенің кісі алдар қызықтары табылмай қалмайды. Анау батыс беттегі «Қыземшек» шоқысы қандай сәнді! Атауын ақтайтындай екіге жарылып, қатар қонған қос шоқы дәуде болса табиғаттың некен-саяқ ескерткіші. Көктем шыға баурайынан гүл-бәйшешек үлестіретіні қандай ғажап! Қыс болса, шың басынан шанамен сырғанау тек жүректі, батыл балалар қолынан келетін. Өз басым біреудің шанасында, онда да түйеге мінгескендей бір-ақ рет сырғанаппын. Зәре-иманым қалмаған.

Қазір желкілдеп гүл теретін, не тайғанақтап құлайтын мезгіл емес, шыжыған шілде ғой. Үнемі жағалау табанын тоздырып, жұмсақ құм іздейтін жалаңаяқ қалпымыз «Қыземшекке» барар жолдағы қатырлақ, сазды жалғыз аяқ жолды жатсына жөнеледі.

Әлібектің ағасы дүкенші әрі іні-ізбасар дегендер баршылық. Бірінің көнесі басқасын бүтіндей кетеді. Қырсыққанда, менің алды-артым бұдырсыз теп-тегіс болып тұр ғой. Кәдімгі, тағдырға тәуба дегізетін жыртық үйдің жалғыз баласымын. Майданнан оралмаған Әжмағи ағама байланысты берілетін шағын жәрдем ішіп-жеуімізден артылмайды.

Абаттың киген киімі әр маусымға лайық болып келеді. Нағыз аққұба, сүйкімді бала. Менің кескінімде бір сүйсінерлік белгі болсайшы?! Шанаш бет, қара борбай, бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс дейтін пәлең мен боламын. Әзірге сақалсызы, әрине. Бұл пақырыңның аяғын басқан қара күс әжемнің езгілеуімен шаққа жібитін шығар. Мұздай теңіз суына батырғанда өңі кіріп, қошқылдана түседі. Ал тазалата беруге өзімнің де ықыласым құрып қалған. Кісі үйіне ұялшақтап, емінеркін кіре бермейтінім де сондықтан.

Бүгін таңалакеуімде тұрып, түйе суару үшін қауғамды алып, тас құдыққа жөнелдім. Ауылдың ортасынан осы құдықты қазуға мұрындық болған Әмел деген қария еді. Сонау «Тассай» бойынан шағыр тас тасытып, шегендеуге басықасында болып, дамыл таппаған. Әуелде суы тұщы болатын, кейін дәмі кермектене бастағасын мал суаруға пайдаланып келеміз. Осы бір ағеден ақсақалдың тағы бір игі ұсынысы ел есінде қалды. Ерлік деуге де татиды. Түптеп келгенде, колхоздың түйе фермасына нар тұқымын қосқаны осал жұмыс емес. Тұрғындардан ақша жинады да, Қарақалпақ жағынан ірі тұқымды бір үлек сатып әкелді. Бағып-қаққаны үшін ақы сұрайтын адамың ол емес. Қазір әр үйдің екі-үштен нар түйесі бар. Шұбаты қандай шипалы! Колхоз жыл сайын осы түйе фермасынан шұбат дайындап, қанша пайда келтірді десеңші! Ал Әмелдің құдығы бұлақ тәрізді бір сарқылмайды.

Ертеңгі самал жел арқамнан итергендей дедектетіп әкетті. Ищалап отырып, жырық інгенді шаққа қандырдым-ау. Әншейінде қырсықтығынан мұрны жырым-жырым болған інгенім бұйдасын мойнына байлап жатқанымда тіпті қыбыр етпеді. Тс-с..., егер... Ойыма әкемнен қалған ер-тоқым түсті. Бәрібір менде ат жоқ. Тай-құлын мінуші бала ауылда санаулы. Анда-санда жайлаудан Қартбай келгенде болмаса, жүген ұстайтын әдет ойға орала бермейді.

Менің қиянқы құштарлығым оңатын шаруаны тапқан ба? Тапырақтатып жырық інгенді ерттеп алсам, тобылғы қамшыны құлшына сілтесем деген беймаза ой мазамды алып барады. Ыңғайсыздығына қоса түйені ерттеу дегеннің қандай боларын кім біліпті? Осы түйеге мініп те рахат таппағанмын. Талай артқан шөбімізбен аударылып, сонау «Мамбет базы», «Кержығылғаннан» жаяу жетелеп келгенмін.

Қорадағы кілеттен ер-тоқымды алып, жырық інгенді шөгеріп болған соң, өркешінің ортасына жайғастырдым. Тартпа бауды айқыш-ұйқыш байластырған болдым. Ауыл сыртындағы бұйырғымды көлтабанға апарып тұсап қойдым. Бұл тамаша сынақты Әлібек пен Абатсыз өткізе салуым әділетке жата ма? Дегендей өздері де шу-шулеп қой-ешкілерін өріске айдап келеді екен. Ұйқыны қимағандық па, бастары салбырап кетіпті. Мені көргесін жүздері жымың қаға бастады.

– Балалар, кәнекей, бүгін мына жырық інгенді қой жаюға пайдаланып көрейік. Әуелі бас білдіріп, ерге үйретуіміз керек. Сонан соң кезек мініп, шапқылаймыз, – деп сампылдап жатырмын.

– Расында, мынауың қызық екен. Арасында теңізге де түсіп үлгіреміз. Әлібек жырықтың тұсауын шешіп, жусандықтан от алдырды. Оның үйінде үш саулық бар. Ешкілері қос-қостан төлдейді. Мал иесі он жандыққа дейін бір кезек, жиырмаға жуықтаса екі кезек бағады. Қой бағу кезегі бүгін Әлібек үлесіне тиіпті. Мұндай бейнет менде ғана болмайды. «Тышқақ лағымыз жоқ» екенінен дәл қазір қынжылып кеттім.

Үшеуміз қайырмалап жүріп, жын қуғандай етіп қойларды ауылдан бірталай ұзатып әкеттік. Ауыздары көкке тигесін, бізге жұмыс қалмады. Енді жырық інгеннің жорғалағанын асықпай тамашалауға болады. Әкемнің ер-тоқымын түйеге таңғаныма екеуі айран-асыр қалды. Абат ішек-сілесі қатқанша күлді.

– Өзі жырық, өзі жорға бұл «тұлпарды» бас білдіруші Жәкен де табылмайтын атшабар-ау. Ха-ха, хе-хе... Әлібек те шыдай алмады білем.

– Түйе сейісіңе болайын! – деп ақ құм үстіне шалқалай құлаған күйі күлкіге көмілді. Күлерлік жай екенін сезсем де, алған беттен қайтуға енді кеш. Тәуекелге бел байлап, жырықты шөгердім де, үстіне лып етіп мініп алдым. Әуелі жай бүлкілге салғанда, «жарайсың, жануарым!» деп шудасынан сипағам. Кенет үзеңгіні тебініп қалғаным, бүйіріне батып кетті ма, болмаса денесі шошынды ма, тапырақтап берді дейсің. Зәре-құтым қалмай, жан мұрынның ұшына келді.

– Әлібек, Абат, әже! Қазір құлаймын ғой, не қылам енді?!... Қысылғанда ауылда қалған әжем де аузыма түсіп жатыр. Әлібектің алаңғыт көзі адырайып кетіпті. Асығыс айқайлап, айнала жүгіріп жүр.

– Құмға құла, Жәкен. Секіріп кет тездетіп. Тақырға тартса өлесің деймін! Жырық қайбір жазықпен шауып жүр. Әдейі итсегек пен адыраспанды төбешіктерден қарғи көсіледі. Абат біресе күледі, біресе әлдененi айтып түйе соңынан жүгіреді. Ол да Әлібек сөзін қостап:

– Қарғы, қарғысайшы құмшыққа! Жыңғыл мен көкбұтадан басын бері тарт, мертігесің ғой, қасқа! – деп қояды. Қалтырап-дірілдеп отырып, аяғымды үзеңгіден шаққа босаттым. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, бұйда да қолымнан шығып кетті. Енді алдыңғы өркештен қапсыра құшақтап, секіруге дайындалып бақтым.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің» деген мақал бекер айтылмаған, сірә. Жырық мұрны шуылдап, ауылға қарай желіп келеді қырсық інген. Қой бір жақта, Әлібек пен Абат түйе соңынан әдейі қуып келе жатқандай. Үйге туралатқан жырық мені күлдік үстіне аудара салды да, дым болмағандай оқырандап тайлағының қасына тұра қалды. Аузыммен жерді қаба құлағаным есімде, ар жағын білмеймін. Тек «Ақұдай Жәкенжаным, амансың ба? Бұл Аллаға не жаздым?» деген әжемнің аласұрған дауысы ғана құлағымда тұрып қапты.

Кешке жақын жерұшық бергізіп, көрші-қолаңға жеті жұп күлше пісіріп, таратып та үлгерді-ау, қайран ана! Тістерім осы «жаңалығымнан» кейін қиқы-жиқы боп бітті. Оң қолымның буынында сарысу иленіп қалған екен. Соған тұзды суға шуданы батырып таңып тастады. Төрт-бес күнде ауырсынғаны басылайын деді. Сірә да өзіңді-өзің кінәлағаннан қиын сөгіс жоқ шығар, «Түйеден жорға жасаймын деген тек ақымақтың ісі екенін білмейтін бе едім?» Осы тектес беймаза сауалдар жанымды жегідей жеп қояр емес.

Балалық тапқырлық көбіне ескертумен аяқталатынына бұдан бұрын да көзіміз жеткен. Бірде велосипедпен жар ернеуінен өтуден сынақ жасағанбыз. Аяғы сәтсіз болды. Абат «Школьникпен» өтіп кеткен, соңынан «Орленокпен» келе жатқан Сайлаубай кенет тепе-теңдігін сақтай алмай... төмен қарай аударылып құлап кетті. Биіктігі тікелей анықтала қоймайтын, шалқақ көтерілген «Ақжардың» жағадан сегіз-тоғыз метрдей жоғары екені анық. Зәре-құтымыз жоқ, ышқынып отырып төменге түстік. Ойпырмай, велосипедтің алдыңғы дөңгелегі майысқаны болмаса, рамасына дейін бүп-бүтін. Тіпті, қоңырауы бұрынғыдан да таза шылдырайтын сияқты. Сәтін бергенде, Сайлаубайдың бет-аузына дақ түспепті. Оң бүйірін қатқыл саз көгертіп жіберген. Мойны мен қолының әр жерін ойып кеткені байқалады.

Бірақ ертеңіне беті күп болып ісіп шықты. Интернатта жататын ол осы бір қолайсыз оқиға жайлы ешкімге ләм-мим демеді. Бірауыз ашу сөз де айтпады-ау. Мінекей, қайсар балалар қатарына осылар лайық. Менікі жай әурешілік сияқты.

*(Жалғасы бар)*

Өмір – көш, сол көште әр пенденің болу мерзімі бар. Осы бір өмір заңына мойынсұнбас пенде болмасы анық, осыған орай адамзат дамуында пенденің қанша жасағаны емес, тірлігінде не тындырғаны, ел үшін еткен еңбегі, ел қорғауы, замандастарымен жоғары адами қарым-қатынасы, татулығы, саналы һәм білімді ұрпақ өсіруі ерекше маңызға ие. Бұл – ықылым замандардан жалғасып келе жатқан таным, ұрпақ үшін күрес талабы. Мұны жүзеге асыруда да әркімнің өз деңгейі болатыны тағы да шындық. Міне, осы талаптар деңгейінен көріне алған қазақ қыздарының бірі – Қатира Оспанова.



# ЖҮРЕК сәулесінің жылуы

Қатира Оспанова есімін 1983 жылы ақпанда іссапармен Қармақшы ауданының Чапаев атындағы колхозда болғанда сол кездегі төраға, атақты партизан Ерназар Сексенбаев ағадан естіген болатынмын. Соғыс жылдарындағы елдегі қиындықтар туралы әңгіме барысында елден естіген, кейін өзі көрген еңбеккер әйелдер, қыздар туралы баянында сол кісінің де есімі ерекше аталған.

Иә, оның бала кезі күллі әлемге қан жұтқызған екінші дүниежүзілік соғыс жылдарына тура келді. Бұл – бала болып ойын қызығын көрмеген ұрпақ. Ерлер майданға, жасы ұлғайған үлкен кісілер еңбек армиясына аттанып, ауылда тек қарттар мен балалар, әйелдер қалған тұста он бір жастағы қаршадай қыз сабақтан қолы босасымен колхоз жұмысына араласатын. Жұмыс басына пионерлер отрядын бастап келетін. Алқызыл галстугі желбіреп, жұмыста ерекше қайрат танытар осы қызға колхоз басшылары да риза, ел де риза еді. Ол тұста жер жырту, дән себу, күріш ору және тағы сол сияқты негізгі шаруалар он-он бес жастағы балаларға қарап қалған еді ғой. Жұмыстан толас тұста оқушылар концерт ұйымдастырып, майдан хабарын да жеткізіп, колхозшыларды жігерлендіретін. Ауыл пионерлерінің жетекшісі Қатира болатын.

1943 жылы ауылындағы Абай атындағы жетіжылдық мектепті үздік бітірген Қатира Оспановаға үлкен сенім жүктеліп, ол өзі оқыған мектептің мұғалімі болып тағайындалды. Иә, ол сол кезде он үште ғана.

Мектепте мұғалімдер жетіспейді, Қатираның пионер ұйымын басқарып, колхоз жұмысына көмектескенінен, ауылдың мәдени өміріндегі жетістіктерінен, еңбекқорлығы мен қайсарлығынан, қайраттылығы мен білім деңгейінен мол хабары бар аудан басшыларының осы бір он үштегі қаршадай қыздан үміт күткендері анық еді. Ол үмітті ақтап, ел құрметіне, аудан басшыларының ризалығына бөленді.

Үш ағасы да майданда, үйде анасы екеуі ғана болғандықтан ол 1943 жылы Қызылорда педучилищесінің сырттай оқу бөліміне оқуға түсіп, еңбек пен оқуды ұштастырды. Педучилищедегі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, эвуациямен Мәскеуден келген филолог әйелдің ауылда өссе де орыс тіліне жетік мұның жасы он үште ғана екенін, соған қарамастан мектепте мұғалім болып қызмет атқаратынын естігенде таңғалып, біраз уақыт үнсіз отырып қалғаны да шындық болатын.

Оқушы кезінен қалыптасқан әдет бойынша Қатира Оспанова сабақ бітісімен колхозға көмекке асықты. Он төрт жасынан мектеп бастауыш комсомол ұясының хатшысы, он бес жасынан колхоз комсомол ұйымының жетекшісі қоғамдық жұмыстарын қоса атқара жүріп, өзінің білімін көтеруге де, оқушыларға білім мен тәрбие беруге де, қоғамдық жұмыстарға жетекшілік жасауға да үлгерген оның есімі сол тұста аудан жұртшылығына жақсы таныс еді. Қатира ауыл комсомолдарын жетекші ғып, тимуршылар командасы сияқты топтар құрды. Негізі мектеп оқушылары болғанмен, колхозда еңбек ететін жастарды жетекші қылу нәтиже бере бастады. Баласы соғыстан қайтпаған аналар мен әйелдер, жалғызілікті қариялар отбасыларына көрсетілген көмек, олардың үйлеріне отын тасып беру, оны отқа жағатын етіп бұтау, шөп түсіріп беру, қора-қопсыларын қалыпқа келтіру ауылды онан сайын біріктіре түсті. Ел аузында Қатира. «Қыз болсаң, Оспанның қызындай бол» деген сөз ауыл-ауылды аралап, ауданға тарады. Оның бұл ісі бүкіл облыс жастар ұйымына үлгі ретінде таратылды.

Жеңіс жылының жазында Қатира Оспанованың соғыс жылдарындағы еңбегі бағаланып, СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1945 жылғы 6 маусымдағы Жарлығымен «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Елі, ауылы мұны лайықты марапат деп бағалады. Бұл бар болғаны он бестегі қыз үшін үлкен жетістік еді.

Педучилищені бітірген Қатира үш ағасы да майданнан аман оралысымен жоғары білім алуды мақсат етіп қойды да, 1949 жылы Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институтына оқуға түсіп, 1951 жылы аталған оқу орнын «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік тәмамдады. Елге оралысымен қайтадан ұстаздық қызметке кірісіп, Қармақшы ауданындағы Қазақстан ЛКСМ XXV жылдығы атындағы орта мектепте, Чапаев атындағы жетіжылдық мектепте, Молотов атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. 1952 жылы Қызылорда пединститутына сырттай оқуға түсіп, «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алды.

1954 жылы СОКП мүшелігіне өткен Қ.Оспанова 1955 жылы Қармақшы аудандық партия комитеті кітапханасының меңгерушісі болып тағайындалды. Ол бұл қызметте де өзінің іскерлігін танытты, 1955 жылы қазан айында ол Қызылорда облыстық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс бөліміне нұсқаушы болып тағайындалды. Бұл қызметті 1957 жылдың желтоқсан айының соңына дейін атқарған ол жолдасы Қараманов Сәдуақастың Тереңөзек ауданаралық прокуратурасының прокуроры болып қызмет ауыстыруына байланысты қайтадан ұстаздық қызметке оралды. Бұдан соң Тереңөзектегі, Қызылорда қаласындағы мектептерде ұстаз болып, 1964-1979 жылдар аралығында №1 облыстық мектеп-интернатта орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Марқұм Нұрадин Дәрікұлов ақсақалдың ол туралы: «Қатира деген бөлек еді ғой. Нағыз педагог болатын, әнді қандай ғып салатын. Ол тек өз балаларының ғана емес, бүкіл көршілердің балаларының да сабақ тапсырмаларын орындауын тексеріп, үнемі үйретіп отыратын. Интернаттағы балаларды үйіне әкеліп, тамақтандырып, киімін жуып беретін. Біз таңғалатын едік» дегенін талай есіттік.

Ұстаз-ана өмірден ерте озды, соғыс жылдарындағы ауыр еңбек өз дегенін істеп, денсаулыққа салмақ салды. Бірнеше жылға созылған ауру ғазиз жанды мына өмірден ерте алып кетті. Алайда ол өмірден озарда үлкен қызы Минсара мен күйеу баласы Серікбай, жолдасы Сәдуақаспен қоштасып отырғанда да балаларының ел таныр азамат боларына сенімді екенін айтып, қатты қиналып жатса да ерлігін, өрлігін танытқан болатын. Иә, балалары ана сенімін ақтады.

Қатира Оспанованың немерелерінің көбісі құқық қорғау саласында абыройлы қызмет атқаруда. Мұны он үш жасында ұстаз атанған ана тілегінің орындалғаны деп білеміз.

**Алдажар ӘБІЛОВ**

## Бақұл бол, әріптес

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспектор-мемлекеттік аудиторы Қуанышбекұлы Серік мезгілсіз дүниеден озды.

Серік Қуанышбекұлы 1979 жылы 24 желтоқсанда Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мырзабай ахун ауылында дүниеге келген. 1995-1998 жылдары Қызылорда есеп-сауда колледжін «бухгалтер-экономист», 1998-2002 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «экономист» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2003 жылдың тамыз айында Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы департаментінің Жалағаш ауданы бойынша статисі қызметінен бастаған. 2005-2011 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратында есепші, Қызылорда облыстық мәслихаты аппаратында бас маман,



2011 жылдың қыркүйек айынан бастап Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясында бас маман қызметіне қабылданып, бүгінгі күнге дейін бас инспектор-мемлекеттік аудитор қызметін атқарып келді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2022 жылғы бұйрығымен «Қаржы сақшысы» медалімен марапатталған.

Серік Қуанышбекұлы тексеру комиссиясы құрылғалы ұжымда қызмет жасап, өз еңбек жолында өңіріміздің экономика, қаржы саласында табысты еңбек етіп, оның дамуына үлесін қосты.

Әріптесіміз Қуанышбекұлы Серіктің мезгілсіз қайтыс болуына орай марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Артында қалған ұрпақтарына Алла тағала ұзақ та өнегелі ғұмыр кешуді нәсіп етсін. Әріптесіміздің жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

**Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының ұжымы**

## Оңалту рәсімі

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылдың 1 наурызындағы шешімімен «Строительная компания «Ер-Канат Сервис» ЖШС-на (БСН 110 840 000 328) оңалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

**Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70–00–52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E–mail: smjarnama@mail.ru**

ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНЕ – 85 ЖЫЛ



# Жауһар жәдігерлерді уақытпен жалғаған

Сыр елінің тарих тағылымын, өткені мен бүгінін кейінгі жас ұрпаққа танытқан, өңірдің мәдениеті мен рухани ордасына айналған Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне биыл 85 жыл толып отыр.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі 1939 жылдың 7 ақпанында Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі президиумы ұйымдастыру комитетінің арнайы қаулысымен құрылған. Алғашқы жылдары өз жұмысын өлке тарихы мен табиғатын зерттеуден бастаған. Музей 1890-1896 жылдары салынған Перовск Қазан-Богородтық шіркеуі орналасқан ғимаратта болды. Оның ең құнды экспонаттары батыр киетін дулыға, сауыт, 1853 жылы Ақмешіт бекінісін алуда пайдаланылған зеңбірек ұңғылары, Ұлы Жібек жолының сауда нүктелерінде айналымда болған ақша коллекциясы еді. 1939 жылы штат бойынша төрт адам жұмыс жасады. Алғашқы директорлығына 1939 жылдың 6 сәуірінде Крылов Илья Ипполитович тағайындалды.

1941 жылы Қазақстанды зерттеу жұмыстары бойынша облыстық бюроның жоспарына сәйкес музей тарапынан бірқатар шаралар ұйымдастырылған. Азамат соғысы жылдарындағы партизандық қозғалыс туралы очерктер құру, халық батырлары туралы поэмалар, ертегілер, әңгімелер, пайдалы өсімдіктер жайлы материалдар жинақтау, өлкетану үйірмелері, мектеп оқушылары арасында қара және түсті металдарды жинау жұмыстары жүргізілген. 1947 жылдың аяғында облыстық музей жанынан музей-өлкетану кеңесі құрылып, оған тарихи, сәулет-көркемдік, өнеркәсіптік-көліктік, ауыл шаруашылығы, әдеби-фольклорлық, жаратылыстану-географиялық, мектеп секциялары кірді. 1949 жылы музейде 7108 адамға экскурсия ұйымдастырылған.

Соғыстан кейінгі жылдары өлкенің экономикасы, еңбекшілердің жетістіктері, облыстың өнеркәсібі және мәдени өмірінің дамуы, тарихы музей экспозициясынан орын алды. 1955 жылы Мәскеудегі әйгілі Третьяков галереясынан атақты суретші В.Верещагиннің «Форт Перовск», «Церковь форта Перовск» атты картиналарының көшірмелері алынған. 1956 жылы 8 қазандағы Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің арнайы бұйрығымен Орталық мемлекеттік музей қорынан еліміздің өнеркәсібіне қатысты карталар, ауыл шаруашылығына байланысты фотоқұжаттар, аң-құстардың тұлыптары, ортағасырлық Сығанақ қалашығының археологиялық бұйымдары, дүнген батырының дулығасы, қоқан зеңбіректері, қазақ батырының дулығасы мен сауыты және қару-жарақтар облыстық музей қорына тапсырылған.

1974 жылы музей жанындағы кеңес пен облыстық мәдениет басқармасы бекіткен шаралардың жоспарына сәйкес, экспонаттарды жинау жұмыстары бойынша бірқатар жұмыс жүргізіліп, ғылыми қызметкерлер Қармақшы, Қазалы, Арал аудандарының ауылдарына іссапарға шығып, зергерлік бұйымдар жинақтаған. Оның ішінде халық ақыны Нартай Бекежановтың домбырасын ерекше атауға болады.

1980 жылы облыстық Халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің шешімімен музейге екі қабатты қонақ үй ғимараты бөлінген. Бұл – 1953 жылы салынған, қаламыздың көрікті архитектуралық ескерткіштердің бірі.

1980-1985 жылдары музей күрделі жөндеу жұмыстары мен жаңа экспозицияның құрылысына жабылып, 1985 жылдың 7 мамырында жұмысын қайта бастады.

1996 жылы материалдық-техникалық жабдықталуына көңіл бөлінуінің арқасында қор бөлмелері қызметкерлер күшімен күрделі жөндеуден өткізіліп, реставрациялық шеберхана ашылды. Сол жылы өлке тарихы, археология-этнография және табиғат бөлімдері жұмыс жасады.

2001 жылы Қорқыттану орталығына айналдыру мақсатында Қорқыт ата музейі облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы болып қайта құрылды.

Көне дәуірлерден бастап өлкеміздің бүгінгі күнге дейінгі тарихы жайлы мәліметтерді бір жерге жинақтап, халық игілігіне айналдыруда экспозицияның алатын орны ерекше. Мұнда өлке тарихын зерттеу, тарихи-мәдени мұраларды жинақтау, келешек ұрпақты отаншылдық, патриотизм рухында тәрбиелеу бағытында жұмыстар жүргізіледі.

Қазіргі кезде бұл – бұқаралық-көпшілік шаралар өтетін орталық. Мекемелер мен ұйымдар, жекелеген адамдар үшін әлеуметтік-шығармашылық өтініштерін орындап, түрлі тақырыпта тарихи-танымдық көрмелер, лекциялар, әдеби-музыкалық кештер ұйымдастырады, лекциялар жүргізеді. Ғылыми қызметкерлер аудандық музейлердің реэкспозициялық жұмыстарына әдістемелік көмек көрсетіп отырады.

Ғылыми-ағарту жұмыстарының негізгі формасы – экскурсия. Ол арқылы экспозиция, бөлімдер және қор халыққа таныстырылады. Экспозиция мен көрмелерді ұйымдастыру арқылы облыстық музей әртүрлі жастағы, категориядағы, әр саладағы адамдарға қызмет көрсетіп келеді.

Музей өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырады. Халқымыздың үкілі үміті мен асыл арманын іске асыратын ұрпақ тарихын білуі тиіс. Міне, осындай төл тарих пен ұлттық идеологияны насихаттайтын рухани-мәдени орталықтың қорында қазір 65939 экспонат сақтаулы, оның 39007-сі негізгі, 26932-сі көмекші қорға жатады. Ал 4502 экспонат музей залдары экспозицияларына орналастырылған.

Мұнда өлкенің құрылу тарихы, өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы, мәдениет пен спорт, ғылым-білім, медицина салалары бойынша жетістіктерін айғақтайтын 11 көрмелік экспозициялық зал халық назарына ұсынылып келеді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ қалашықтарына жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары кезінде табылған экспонаттар, соның ішінде сақ дәуірінде алтыннан жасалған әшекей бұйымдарды ерекше атауға болады.

2008-2010 жылдарға арналған «Мәдени мұра» өңірлік бағдарламасына сәйкес құндылықтармен интернет арқылы танысуға мүмкіндік жасау мақсатында мультимедиялық тұсаукесер (презентация) жасалып, WEB сайт орнатылды.

Бүгінде облыстық музей Сыр бойының өткені мен бүгіні жайлы баяндайтын үлкен мәдениет орталығына айналды. Оның жанында «Ақмешіт» музейі және С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы және 11 музей филиалы жұмыс істейді.

2014 жылы Сыр елінің жергілікті суретшілері мен қолөнершілерінің шығармашылықпен еркін айналысуына мүмкіндік беретін тұңғыш Көркемсурет галереясы ашылды.

2015 жылы реконструкция және реэкспозиция жұмыстары жүргізіліп, заманауи экспозициямен жабдықталып, музей жаңа кейіпке енді. Сонымен қатар заман талабына сай компьютерлік технологиялармен, мультимедиялық презентациялар, сенсорлы моноблок, «Музеолог» бағдарламасы мен әр зал LED экранды телевизормен жабдықталған. Экспозицияны ашатын видеоматериалдар қосымша құрал ретінде көрерменге ұсынылуда. Фойелерде орналастырылған сенсорлы моноблоктар арқылы музей әлеміне виртуалды енуге, қордағы зергерлік және этнографиялық бұйымдар коллекциясын тамашалауға болады.

Сыр өңірінің рухани мұрасын көпшілікке таныстырып, насихаттауда «Музей энциклопедиясы», «Бір жәдігер», «Музей радиосы», «Жас өлкетанушы», «Құнды жәдігер», «Болашақ экспонат», «Жәдігербаян», «Музей тур», «Ғажайып ғимарат сыры» жобалары жүзеге асырылуда.

Тарихтың тереңінен тамыр тартатын туған өлкеміздің жылдар қойнауындағы құндылығы мен маңызын халық арасына, кейінгі ұрпаққа жеткізуде музейдің орны бөлек. Жыл сайын сақталып тұрған жәдігерлерді бұқара халыққа насихаттау мақсатында «Музей түні» ұйымдастырылады.

Облыстың 85 жылдығына орай ортағасырлық Сығанақ қалашығынан табылған археологиялық материалдар негізінде ақсүйек әйелдің реконструкциясы мен ежелгі Шірік-Рабат қалашығынан табылған археологиялық материалдар негізінде алтын киімді сақ жауынгерінің реконструкциясы музей қорын толықтырды.

Ғасырлар сынынан өтіп, уақыт пен болмыс қалыптастырған ұлттық дәстүріміз, бабалардың маңдай тері, аталардың қол еңбегі, аналарымыздың көз майы сіңген төлтума дүниелер – көненің көзі. Көз жауын алып, көңіл толқытатын жәдігерлер облыстық тарихи-өлкетану музейі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыр.

Мәдени тегімізді танытатын төл мұралар, шашауы шықпай жеткен жауһар жәдігерлер сақталған музейдің жаңарған экспозициясы Алаштың асқақ рухын баяндап, Сыр елінің тарих тағылымын кейінгі жас ұрпаққа таныта беретіні сөзсіз.

**А.ҚАПАНОВА,**
**архив құжаттарын пайдалану және жариялау бөлімінің археографы**

«АРУ АНА» КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

# Ешкі баққанның есебі түгел




Саусаң сүт, жесең ет, кисең киім. Көп жағдайда қоймен қосақтап бағып, қосарлап айта салатын бұл түлік заман ауысқан сайын өзінше бір шаруашылық, өзінше үлкен кәсіп көзі бола алатынын дәлелдеп келеді. Ешкі өсірумен айналысушылар біздің өңірде де бар. Солардың бірі – шиелілік кәсіпкер Ботакөз Аркашбаева. Осы кәсібі арқылы жерлесіміз жуырда ғана республикалық «Ару ана» конкурсының жеңімпазы атанып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан марапат алды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Ботакөз 2017 жылдан бері «Оразбек» шаруа қожалығын ашып, бүгінде үйінің қорасында-ақ Австралия мен Еуропа елдерінен шыққан сүт бағытындағы төлдерді жерсіндіріп, көбейтіп отыр. Негізгі мамандығы хореограф болса да, үлкен кәсіпті қолға алып, өз жұмысымен қатар алып жүр.

– Мен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжін 2010 жылы бітіргенмін. Балабақшада мамандығым бойынша жұмыс жасаймын. Бұл кәсіпті бастауға ең бірінші анам түрткі болды. Ойлана келе әуелі қазақы ешкі сатып алдық. Солардың басын көбейттік. Кейін асылтұқымды ешкілерді зерттедім. Содан қолдағы барлық ешкіні сатып, он шақты асылтұқымды ешкі алдық. Сол уақытта жұрт түсінбеген. «Соншама малға он шақты ғана ешкі алғандарың не?» деп. Бірақ қазір өкінбеймін, – дейді ол.

Мемлекеттің қолдауына да ие болған Ботакөз субсидиямен қоса бизнес идеяларды жүзеге асыруға арналған 2 млн теңге қайтарымсыз грант та ұтып алған. Соның негізінде мал басын көбейтіп, сүт өнімдерін өндіруде. Ешкі асыраудың тиімділігі жоғары екенін, кез келген қиындықтың жеңіл жолын табуға болатынын айтады.

– Қазір мал басы 100-ден асты. Отбасымызбен бірге жасап жатқан кәсіп болғандықтан ешқандай қиындығы жоқ. Кәсіп бастаған кезде адам бірінші өзіне келетін пайданы емес, жұртқа тигізетін пайданы ойлауы тиіс. Сондай-ақ кәсіпке деген махаббат болу керек. Істеп жатқан дүниеңді жақсы көрсең болғаны. Адамның өзінде ниет, құлшыныс болса, ауыр шаруаның өзін жеңілдетуге болады. Бірақ бұл істе маған ата-анамның қолдауы күшті болды. Сол кісілерден қолдау болмаса жарты жолдан тастап кетуім мүмкін еді.

Әрине ешкілерді сырттан әкелгендіктен күтімі ерекше. Дәнді дақылдармен қатар арнайы витаминдерін беріп отырамыз. Сүт бағытында болғандықтан басты тиімділігі сүтінің молдығы әрі майлылығы. 5-6 процентке дейін жетеді. Ағзаға пайдасы жағынан қымыздан артық болмаса кем емес. Дәмінде де айырмашылық жоқ. Ағзаға тез сіңеді, – деді.

Кәсіпкер ешкі сүтінен ірімшіктің 4 түрін, құрт, май, брынза, сүзбе жасап сатып отыр. Өнімдерге сұраныс жоғары. Ешкі құртын арнайы Түркияға алдыртатындар да бар көрінеді. Әсіресе, дертіне шипа іздегендер, оның ішінде химия қабылдаған жандар көптеп алады екен. Басынан келіп ішетіндер кездеседі.

Қазіргі таңда шаруа қожалығы сүт өнімдерімен бірге ешкі төлін жергілікті тұқымдармен будандастыру жұмыстарымен де айналысады.

– Бізде зааненен, орыстың ақ ешкі тұқымы, альпілік ешкі мен ағылшын тұқымды ешкілері бар. Жалпы селекция жұмыстарын да қолға алдық. «Таза қан» деп айтады. Бір жылда 5-7 аталық ұстасақ, оны жыл сайын ауыстырамыз. Одан шыққан төл таза қанды болады. Қазір біздің ешкілер еліміздің барлық жерінде бар. Басты мақсатымыз – таза экоөнім шығару, – деді кәсіпкер.

Алдағы уақытта Ботакөз кәсібінің аясын кеңейтіп, жаңа тұқымды халықаралық сатылымға шығаруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ өнімдерін дүкен сөрелеріне шығаруды да қолға алмақ.

ТАТУЛЫҚ ТАМЫРЫ



# Сексен жыл бұрынғы сергелдең

Биыл Солтүстік Кавказ халықтарының Қазақстанға қоныстанғанына 80 жыл толды. Осы уақыт аралығында олардың Қазақ елін өзімнің туған Отаным деп санайтын бір емес, бірнеше ұрпағы өсіп-өнді. Тарихқа зер салсақ. XX ғасырдың 30-50 жылдары КСРО-да адамдарды, тіпті тұтас халықты күштеп жер аударды. Тарихи деректерге сүйенсек, жекелеген ұлттарды күштеп атамекенінен көшіру жоспарлы және құпия түрде іске асырылды.

Ұлы Отан соғысы басталысымен халықтарды депортациялаудың жаңа кезеңі басталды. 1944 жылдың ақпан-наурыз айларында Солтүстік Кавказ халықтарын күшпен қоныс аудару басталып, Қазақстанға және Қырғызстанға барлығы 602193 адам көшірілді. Оның 496460-ы – шешендер мен ингуштер, 68327-сі – қарашайлар, 37406-сы – балқарлар.

1944 жылдың қарашасында Месхетияның 220 елді мекенінен 110 мыңнан астам түрік Орта Азия республикалары мен Қазақстанға көшірілді. Депортациялаудың ауыр зұлматы Солтүстік Кавказ халықтарын қиын жағдайға душар етті.

Сондай күштеп көшірілген ұлттар Қызылорда облысына да жер аударылды. Облыс тұрғындары жер аударылып келген ұлттарды өздерінің қиын жағдайына қарамастан қамқорлыққа алды. Ол кезде қоныстанушылардың жағдайы өте ауыр болады. Материалдық жағдайдың қиындығына қоса, олардың арасында ауру-сырқау, өлім-жітім көп болды. Олардан қазақ халқы қолынан келген жәрдемін аянып қалмады. Баспана, азық-түлік, киім-кешекпен көмектесті.

Екінші дүниежүзілік соғыс бір ғана қазақ халқына емес, барлық ұлттың басына қасірет әкелгені белгілі. Соғыс жылдарында Қазақстанға жер аударылған этникалық топ өкілдері шаруашылықтың барлық саласында еңбек етіп, елдің өркендеуіне өз үлесін қосты. Жеңісті жақындатуға бар күшін салды. Қандай жағдай болса да, мемлекет тарапынан депортацияланған ұлт өкілдерінің тұрмыс-тіршілігіне мүмкіндігінше материалдық қолдау көрсетілді. Мәселен, балаларға арналып өз тілдерінде оқытатын мектеп, балалар үйін ашу, азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстары ұдайы жүріп отырды. Тарихқа көз жүгіртсек, Солтүстік Кавказдан жер аударылғандарға 1945 жылы мал бөліп берілді. Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Тереңөзек, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарына қоныстанған ұлттар үшін 2350 бас ірі қара, баспана салуға 300 мың рубль бөлінген. Сондай-ақ 1944 жылы Арал, Қармақшы, Тереңөзек, Сырдария, Жаңақорған, Шиелі аудандарына 315 центнер астық бөлу туралы қаулы шыққан. Осылайша қуғынға ұшыраған халықтардың өмірін, тыныс-тіршілігін жеңілдетуге барынша қолдау көрсетілді.

Қазір ол заманды көзімен көрген тірі куәгер жоқ десе де болады. Әйтсе де бүгінгі ұрпақтары сол уақыттағы қазақ халқының қамқорлығын ұмытпады.

– Шешен халқына қазақтардың құрметі, сыйластығы зор болды. Ұлтымыздың жүрегіне өшпес жара салған, кіндік қаны тамған жерінен жас пен жасамысты, ана мен баланы еш аяусыз жер аудартқан ызғарлы күн ешқашан естен кетпейді. Тарихқа зер салсақ, 1944 жылдың 23 ақпанында, қыстың суық күнінде шешен халқының жер аударылуы басталды. Менің ата-анам солардың қатарында болды. Соғыс басталған тұста атам майданға аттанып, содан хабарсыз кеткен. Ал әжеміз 8 баласымен ас-сусыз, қыстың қақаған суық күнінде беймәлім мекенге айдалып кете барады. Жол бойы қаншама қарт кісі, сәби көз жұмған. Оның ішінде әкемнің бес бауыры да бар. Көп ұзамай әжеміз көз жұмды. Ал әкемізді 2 бауырымен балалар үйіне өткізіпті. Не қазақ, не орыс тілін білмейтін шешен жұрты үшін алғашқыда жергілікті халықпен тілдесу оңай болмайды. Дегенмен уақыт өте келе қазақ халқының қайырымдылығының арқасында тіршілік ағымына ілесіп кеткен бауырларымыз бүгінге дейін кең байтақ қазақ жерінде тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді. Қазақстанның қалайша біздің екінші үйімізге айналғанын ұмытпаймыз! Жергілікті халыққа осындай кеңпейілділігі үшін алғысымыз шексіз, – деді «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігі басшысының орынбасары Лайла Пашаева.

Айта кетейік, облыстық «Вайнах» шешен этномәдени бірлестігі 1995 жылдың 30 наурызында құрылды. Этномәдени бірлестік төрағасы – Мовлади Исаев. 2016 жылы 31 наурызда «Беркат» шешен этномәдени бірлестігі болып қайта құрылды. Облыстық комиссия отырысының шешімімен қоғамдық аккредиттеуден өтіп «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігі болып қайта тіркелді.

Шешен диаспорасының өкілдері көбіне Қызылорда қаласында және Сырдария, Жалағаш аудандарында тұрады.

Бірлестіктің басты мақсаты – ұлттық және этносаралық қатынастарды дамытуға қолдау көрсету, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы демократиялық түбегейлі өзгерістер процесіне этнос өкілдерін белсенді түрде қатыстыру, халықтың мәдениеті мен тілін, ұлттық салт-дәстүрлерін сақтап қалу және дамыту.

Бірлестік шешен халқының мәдениеті күнін, депортация құрбандарын еске алу кештерін тұрақты өткізіп тұрады. Сонымен қатар өңір шараларына белсене қатысып, елдің дамуына үлес қосуда. Бірлестікте 60 мүше мен 16 белсенді бар.

**М.ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ**

# Өнерлі қыз, өнегелі жеңге

Ә.Мүсілімұлы атындағы №101 мектеп-лицейде бастауыш бірлестігінің ұйымдастыруымен 4-сынып оқушылары арасында «Өнерлі қыз, өнегелі жеңге» атты сайыс өтті.

Сайыстың мақсаты – халқымыздың бойына ғасырлап сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі-өнеге алуға, шыншылдыққа баулу. Ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу және жеңге мен қайынсіңлі арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Халықтың мәдени мұрасын, салт-дәстүрін, өнегесін насихаттап, отбасы мәртебесін нығайтуды мақсат еткен сайыс 5 бөлімнен тұрды.

Бірінші бөлімде қатысушылар өз-өздерін таныстырып, әділқазылардың жоғары бағасына ие болды. Келесі бөлім «Зерделінің ойы озық» деп аталды. Мұнда қазақтың салт-дәстүріне байланысты берілген сұрақтарға жауап берді.

Сайыстың үшінші бөлімі «Ата дәстүр – асыл қазынам» деп аталды. Онда қатысушылар өздері қалаған салт-дәстүрге байланысты қойылым қойып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ал келесі бөлімде жеңгелер мен қайын сіңлілері үйден дайындап алып келген түрлі тағамдармен таңғалдырды. Әділқазылар тәттілерден дәм татып, өз бағасын берді. Соңғы бөлім «Жеңешем өрген бұрымым» деп аталды. Аталған бөлімде жеңгелер қайын сіңлілерінің шашын өріп, өнерлерін ортаға салды.

Халыққа деген құрмет оның салт-дәстүрін қастерлеумен бағаланады. Ал салт-дәстүр қатысушы арулар мен жеңгелерінің бойында қаншалықты деңгейде сақталғаны сайыс барысында көрінді. Дәстүрге сай киіну үлгісі, әдет-ғұрыптар мен салт-сананы танып білуі жан-жақты бағаланды. Қатысушы арулар қазіргі кезде ұмыт бола бастаған «Байғазы», «Босаға майлау» секілді салт-дәстүрлерді қайта жаңғыртқандай әсер қалдырды.

Сайыс соңында салт-дәстүрді сақтап, дәріптеуге атсалысқан қатысушылар арнайы номинацияларды иеленіп, Алғыс хатпен марапатталды.

**«СБ» ақпарат**

БІЛІМ

Білімдіге қашанда мүмкіндіктер есігі ашық. Назарбаев зияткерлік мектебінің 10 сынып оқушысы Еламан Серікұлының ойлап тапқан ойыны ойға ой қосып, оқушының білімге деген талабы мен табандылығын арттыруға қауқарлы. Биология пәнінен өткізілген мектепішілік олимпиаданың бірнеше дүркін жеңімпазы, 2022-2023 оқу жылында мектептің өзін-өзі басқару ұйымында белсене қызмет атқарған зияткердің жаңа жобасымен танысқан едік.



# Ойға ой қосатын ойын

– Осы оқу жылының басында Engopoly үстел үсті ойынын жасау идеясы келді. Маған бос уақытымда сыныптастарыммен «Монополия» ойынын ойнау қатты ұнайтын. Сондықтан өзімнің сүйікті пәнім ағылшын тілі мен үстел ойынын ұштастырамын деп шештім. Жалпы бұл ойынды ағылшын тілінің барлық деңгейіне баламалап жасауға болады. Қазіргі прототип A2 және B1 деңгейін қамтиды. Себебі мектептегі оқушылардың көпшілігі шет тілін осы деңгейдің бірінде меңгерген. Engopoly ойынының тиімділігі жоғары, себебі сөздік қор мен грамматикаға бағытталған сұрақтар Назарбаев зияткерлік мектебінің ағылшын тілін оқыту бағдарламасынан алынған.

Идея іздеп, қарайтын ешқандай сайт немесе база жоқ. Мұндай идеялардың келуіне түрткі болатын фантастикалық жанрдағы кітаптарды жиі оқуым шығар. Мысалы, өзімнің сүйікті кітабым «Фаренгейт бойынша 451 градус», – дейді кейіпкеріміз.

Зияткердің Engopoly үстел үсті ойыны ағылшын тілі мен капиталистік стильдің қосындысы болғандықтан, оны барлық бағытта жаңартуға мүмкіндік бар. Бұл ойынды басқа деңгейлерге, басқа дағдыларға, тіпті, басқа да көзделген аудиторияға баламалап өзгерте беруге болады.

– Өз басым ойынның веб-версиясын жасағым келеді, яғни, сайт түрінде қолданыста болғанын қалаймын. Жаңа жобаға авторлық құқықты алуға тырысып жатырмыз. Бұйырса, жуық арада міндетті түрде аламыз деген үміттемін.

Тіл үйренуге, білім алуға арналған мұндай ойындарды, жобаларды жай ғана жарыс үшін жасап көру бөлек те, өзім сияқты оқушыларға, төменгі сыныпта ағылшынды енді бастап жатқандарға арнап, мақсатты түрде іске асыру басқа дүние екен. Іштей жігерленіп, іске асыру үшін барыңды саласың. Әр қазақ баласы ағылшын тілін, жалпы өзге де шет тілдерді біліп, өз ұлтымызға пайдасын тигізсе, тіл арқылы жаңа қазақша контенттер жасаса деген тілек бар. Қазір бой емес, ой жарыстыратын заман. Мектеп те, білікті мұғалім де, интернет желісі, түрлі ғылыми еңбектер, шетелдік зерттеулер, не керек десеңіз, бәрі де қолжетімді. Сондықтан оқушы кезден бастап ізденіп, қоғамға, қазаққа пайдалы болу – мақсатым, – дейді ол.

Иә, болашақ жастардың қолында деп ұрандаймыз. «Мен жастарға сенемін» деп Мағжанды жатқа оқимыз. Осылайша сөзбен ғана емес, іспен де жастарға сенім артып, қолдай алсақ Еламан сынды озық ойлы балалар оқушы кезінде-ақ сан түрлі жаңа жобаларды іске асырары анық.

**Д.МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22999 | Тапсырыс №423 | Кезекші редактор Ерсін ШАМШАДИН